



Гүлсім  
ӘУБӘКІР

ІЗДЕРІМ



C. Mygale  
Amirgator  
Buremors zebedan  
Kubeluu Rimankallata  
Seycaitelven  
Abmorgam  
29.07.2022 m.  
Hof

Гүлсім ӘУБӘКІР

# ІЗДЕРІМ

Алматы  
2022

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5Каз)  
Ә80

Ә80 **Әубәкір Г.**  
**ІЗДЕРІМ.** Өлеңдер. – Алматы: «Асыл кітап» Баспа үйі, 2022. – 120 бет.

ISBN 978-601-7667-41-2

Жинаққа автордың әр жылдары жазылған өлеңдері жүйеленбеген қалпында топтастырылған. Әртүрлі тақырыпқа жазылған өлеңдерден жан тербетер тәтті мұң мен сағынышты, нәзіктік пен сыршылдықты, қарапайымдылық пен адамгершілік құндылықтардың құлдырауына деген жан күйзелісін сезінесіз.

Әсіресе, ауыл мен елдегі өткір мәселелерге деген өз көзқарасын әдемі ұйқастармен жеңіл өру арқылы ой тастаса, кейде өткір сөзбен батыл жеткізетін тұстарына куә боласыз.

Өлеңдер ақындық сезімталдық пен өлең құрылымындағы шеберліктің түйіскенін ұқтырғандай.

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5Каз)

ISBN 978-601-7667-41-2 © Әубәкір Г., 2022  
© «Асыл кітап» Баспа үйі., 2022

Ардақты әкем Әудәкіров Бағрам  
Әубәкірұлы мен аяулы анам  
Әудәкірова Қамария Қасымқызының  
рухтарына арнаймын.  
Қыздарыңыздан ескерткіш.



## СЫР-ШУМАҚТАР



Шар-тарапты шарлаған, кезіп көкті  
Ой-қиялмен, өлеңім өзім текті...  
Сұқ көздерін сұғанақ сезіп көптің,  
Жер бетінен келеді безіп кеткім.

Соғылғанда жартасқа қирап кемем,  
Тірілтіп ап жанымды... қинайды өлең.  
Мәңгілік бостандықты аңсамаймын,  
Қинасаң да сені, өлең, қимай келем.

Кеудеме қонған өлең-кептерлерім,  
Жанымды жылытады көктем-лебің.  
Арғымақ уақытымның мәресіне,  
Өзіңді серігім қып жетсем дедім!

\* \* \*

Туған жерде тәй-тәй басқан кезімнен,  
Бір әдемі үндестікті сезінгем.  
Содан болар, өлең өріп кеткенім,  
О, табиғат, оқып алып өзіңнен!

\* \* \*

Асып-тасып кеткендер білмес тегін,  
Сен болмасаң, туған жер, жүрмес те едім.  
Сенің нәрің деп білем бойымдағы  
Ізгілік пен әсемдік үндескенін –  
Бір талымын сен өрген гүл-кестенің.  
Жер – ана!  
Жер – тіршілік!  
Қалаймын мен –  
Адам Саған табынып күн кешкенін!

\* \* \*

Гүл аша алмай көктем-жыр,  
Көңілімде көптен жүр.  
Сыртылдайды сағаттар  
Қатал үнмен өктем бір.  
Күлге айналды заматта  
Ақ парақта кепкен гүл.  
Көтертпейді еңсеңді,  
Заман еді неткен бұл...



\* \* \*

Қайда менің арай шашқан ақ таңым,  
Қарайлаймын, арман болып атқаның.  
Жарқырап кеп, ұмыттырып жіберші,  
Өмірімнің көмескілеу шақтарын!?

Сенім жылап, үміт алдай бере ме?..  
Қазір – талтүс, күн- тіршілік – төбеде.  
Жетер жері өзіне де белгісіз  
Жолаушымын мен де, мінген кемеге.

... Ауырлығын сездіріп-ақ келеді-ау,  
Маған түскен бақыт-жүрек-жеребе!

\* \* \*

Сырымды айтсам, жан құрбым,  
Кінәлайсың, деп мені «күреспейсің»,  
Жаттанды сөз: «өмір, ол – күрес» дейсің.  
«Адал едім, пәк едім періштедей,  
Өмір бәрін үйретті» дегенді ғой  
Пеңделердің аузынан жиі естисің.  
Ұяңдықты қоя тұрып,  
Пысығырақ бол» дейсің.  
«Заман қазір сондайлардың  
Тасы өрге өрлейтін».  
...Ал мен болсам, төмендегі  
Тұнықты аңсап, шөлдеймін.



\* \* \*

Жылтырақтар қызықтырып  
жанарды,  
Ойсыз күнде мерекеге  
кенелді.  
Тұнық терген тереңінен  
ғаламның,  
Ойшыл-арман керексіз боп,  
көнерді.  
Қалың қалта арам озып,  
бәйге алды.  
Адал – ардан аттай алмай,  
бөгелді.  
Тағы да сол астан-кестен  
дүние...  
Ойыншығына айналдырып  
адамды,  
Заман-құйын дөңгелене  
жөнелді.

1997 ж.

\* \* \*

«Жанымнан жырақ кетпе» дер едім,  
Болмай тұр тағдыр соқпағы.  
Сағыныш толы кештерде, кейде,  
Мен де бір, жалын-от та бір...

«Ертегім болып жетші» дер едім,  
Қыранның мініп қанатын!  
Жабырқап жүрген қамкөңіл жаның  
Еркелеп біраз алатын..  
Сезім боп жеңіл желпіп өтші бір,  
Бір ғана сәтке, қас-қағым?!  
Кіл ауыр ойлар торлап тастады-ау,  
Тазарсын көңіл-аспаным.

1990 ж.

\* \* \*

Іздеп келем бақыттың құсын әлі,  
Жыры да, сыры да сол өлеңімнің.  
Құнарлы Қостанайдың топырағы,  
Тұсауын кесті ақындық өнерімнің.

Атадан аманатқа алғандаймын,  
«Киелі – сөз» деп соққан жүрек үнін.  
Сөзді сәндеп, аялап, армандаймын  
«Бір гүлі болсамшы» деп жыр-елінің!

\* \* \*

Бір күн менің өміріме  
зор қуаныш әкелер,  
Бір күн менің өміріме  
қайғы бұлтын жетелер.  
Бір күн мені мұңайтар да, жылатар,  
Бір күн мені көңілдің көк  
мұнарына көтерер.  
Күндер, күндер!  
Өтесіндер,  
Мән бермейміз кезінде.  
Ойланбай-ақ берілеміз  
Албырт жастық сезімге.  
Жастық шақта бәрі де оңай,  
Көз жұм дағы кете бер.  
Жастық жігер қарайлатпай,  
Алға ғана жетелер.  
Тек соңынан мазалайды,  
Шалыс басқан әр қадам,  
Еске түсіп қателер.  
...Неге ғана қателестім,  
Ойланбадым кезінде?!  
Кінәлі кім?  
Мен бе?..  
Әлде, сезім бе?..

1982 ж.

\* \* \*

Ғажайып ғалам,  
Біреуге – жомарт,  
Біреуге – сараң.  
Есепке алған  
Сенің әр күніңді.  
Таңдайсың содан  
Тағдыр сені ме,  
Сен тағдырыңды?..  
Сенемін бір күш барына,  
Менен тысқары ма?..  
Ғажайып ғалам –  
Құпия алаң.  
Адамзат қашан  
Шегін ұстаған?..  
Шексіздік деген –  
Үнсіздік-сарын,  
Үйлесім әні,  
Мәңгі үміт нәрі.  
Өмір ол – шаршау,  
Аламын дамыл...

*маусым, 1998 ж.*



\* \* \*

Жан-жағымда –  
Жаралымын,  
Өмір-майдан  
Мені сыртқа тепкендей.  
Өткеніме  
Көз жіберсем –  
Шимайланып,  
Лақтырылған беттердей.  
Ал алдымда –  
Уақыт-жүйрік  
Жөнкіледі,  
Күзгі тырна-лектердей.  
Менен бе, әлде...  
Қызылжардың көгінен бе,  
Дәл қазір  
Өлең ұшып кеткендей?..

\* \* \*

Кеудемде тұншығады  
Мың сыр... бәрі.  
Ақиқат – тірлік мәні,  
Жанады бір шырағы.  
Жаныңды жіберсе де  
Езіп кейде,  
Дәм-тұзың таусылғанша,  
Күрсінбе әлі...

\* \* \*

Өртендім жалын деп,  
Бықсыған шаланы.  
Мұздатты жанымды,  
Жылытар адамым.  
Содан ба, қорқамын,  
(Құтқаршы, жыр күшті!?)  
Қоршаған ортаның  
Бәрі де сұр түсті.  
Ес жимай жүр әлі,  
Сезімім адасып.  
Көзге ұрып тұрады,  
Қатеңнің бағасы.  
Жолығар бір үміт...  
Өзірше, түңіліп,  
Қараңғы көшемен  
Келемін жүгіріп.

\* \* \*

Қуанып тұрып, шыланса жасқа жанарым,  
Аязды құшып, өртеніп кетсем, қарағым,  
Кешірімменен қарағын?!  
Сезім селдерін тежеумен келген адаммын,  
Таянышы жоқ тағдырыма да алаңмын...  
Сырлы да, нұрлы ертегі-жырдың еліне  
Кешігіп келіп, кешігіп еріп барамын.

\* \* \*

Сөнбесін деп жанарда – от, жүректе – арман,  
Жанымды аластатсам жамандардан –  
Түсінбестік тұманын кешіп қалған,  
Кешірім өтінемін адамдардан!?

\* \* \*

Тербелгенде толқынында тәмам ой,  
Қабағымнан ұғып қана жүрші, айым?!  
Уақытымды өкпелетіп алам ғой,  
Бір әдемі жыр жазбасам, күн сайын.

\* \* \*

Жанар-көлдің тұнығында  
Дірілдейді бір үміт.  
Айдың сылқым сынығында  
Арманым тұр ілініп.

Жалғастырар нәзік сәуле  
Не болады, үзілсе...  
Ту тігуге үлгерем бе,  
Жетем бе енді жүгірсем?!

Ыстық та алыс астанада  
Елесім жүр өкініп...  
Бермес пе екен аспан-ата  
Кемпірқосақ-көпірін?!.



\* \* \*

«Төтеп бер» деп тағдырдың дауылында,  
Қанат беріп, ұшырған ауылымда  
Жақсы жандар. Сондықтан жақсы адамдар  
Өмір бойы қасымнан табылуда!

\* \* \*

Түн көйлегін ағартып, таң атады,  
Минуттар бар, бақытты санатады.  
Кірпіктерім көтеріп қайғы-мұңды,  
Өмірге ғашық көзбен қаратады.

\* \* \*

Жылынамын жылт еткен отты көрсем,  
Күймес едім, қолыма шоқты берсең.  
Жаным әлі тоңып жүр, нанасың ба,  
Мұз құрсаудан тірідей өтті десем?!

Сезім менен сергек ой жарасқан ба,  
Көзің ашық, көңілің адасқанда,  
Өкінішті, тұрса да Темірқазық,  
Көмектесер жұлдыз жоқ көк аспанда.

Туырлықтай төзімнің тамшысындай,  
Сарқылмайтын сезімнің сарқытындай,  
Жанартау-жыр – серігім жанымдағы,  
Өзің ғана мазамды алшы тынбай!??

\* \* \*

Қопарып қалсам, кеудемде толған  
сағыныш,  
Нәзік бір жіпке байланып тұр ғой бар  
тұлғам.  
Көзімнен сүйші, тұзды көлімнен  
қанып іш,  
Ағыл-тегілмін, алдыңда сенің  
тартылман.



\* \* \*

Қауырсын қанат әлі де менің  
талабым,  
Сағыныш-көлде желкенсіз  
жүзіп барамын.  
Үміттің жібі үзілмесін деп бір  
сәтке  
Өзіңе келіп тығылам, жұмақ-  
аралым!

\* \* \*

Ренжіткің келмейді ғой жан баласын,  
Ашылып ақ көңілмен – алданасың,  
«Жаны қандай қара» деп, талай рет  
Таңдайыңа тисе де, таң қаласың.  
Тағдырға жүрегіңнің бар наласын,  
Арта салып, қайтадан жаңданасың.  
Көңлің тыншымайды, алаңдайсың –  
Жоқты іздеп, әрі қарай сандаласың...

\* \* \*

Жолымды нұрландырып, шапақ атып,  
Тірліктің бар мәнісін ұғындырып,  
Мендегі бір іңкәрлік – Махаббатым  
Көңлімнің көгінде тұр Күнім болып.  
Сүрінсем, сәулеңді ұстап түрегелем,  
Жып-жылы жүрегімде жүреді өлең.  
Мендегі ізгіліктің көзісің Сен,  
Мен де бәрін қайтарып Саған берем.  
Ортаймашы!?  
Қорқамын көлеңкеден...

\* \* \*

Шыңғырып, жан жылаған тұсымдағы  
Түлеп ұшқан кеудемнен құсым – бәрің,  
Жүрегімде тербеткен балапандар –  
Ақ қағазға түсірген ақ сырларым –  
Өлеңдерім!

Бекісін топшыларың.

Өздеріңе сәт-сапар тілеп тұрып,  
Оқырман жүрегіне ұшырамын!

1989 ж.



\* \* \*

Жеткізбей арман,  
Алыстап қалған,  
Мазалай берер бір үн кеп.  
Жарқ етіп күнім  
Шығар ма алдан,  
Айтылар еді сырым көп.  
Сарғайып жүрсем  
Сағыныштардан –  
Кездесу үшін күлімдеп!  
«Қыраным» деуге  
Жетеді күшім,  
Биікке салған тұғырын.  
Мөлдіреп көзге  
Тұнады шын,  
Арқауы ақын жырының –  
Бір махаббатты  
Мойындау үшін  
Арналды бүкіл ғұмырым!



\* \* \*

Болмашыны қанағат  
қып малданып,  
Сырт көздерге сыр  
бермеуге – паңданып,  
Армандар ақ қанаттарын  
сәл қағып,  
Көзден ғайып болуға да  
сәл қалып,  
Күйкі тірлік күйбеңімен  
келемін,  
Арасында өлең жазып  
алданып.

\* \* \*

Сабырдың түбі – сары алтын,  
Таусылды, бірақ, тағатым.  
Таусылған кезде тағатым,  
Әуеге діріл таратып,  
Қарлығаш қақты қанатын.  
Бір қимыл лездік, сұлу саз  
Тылсымнан жұлып алатын,  
Сыбырлап қана салатын.  
Жаныңа майдай жағатын,  
Өзіне баурап алатын.  
Егіліп кеттім ере алмай,  
Жер күшін тұрдым жеңе алмай,  
Лесіп кете баратын.  
«Пеңделер жүрген жерге енді  
Қонбашы» дедім «қайтадан,  
Талмасын, құсым, қанатың?!».  
Болмысты еске салатын,  
Сырт ете қалды сағатым...  
Тапталған тайғақ сүрлеумен,  
Жүгіре басып барамын...





## МОЙЫНДАУ

Қара түнде ақ қағазға жүрегімнен гүл өрем.  
Қараңғылық ығысады, шашыраған нұр көрем.  
Аппақ нұрға шомыламын,  
шабыттана нұр төгем.  
Тәтті күйдің құшағында тербетіліп бар денем,  
Сонда саған тамынамын,  
Тәңірімсің сен – Өлең!

## ЖАУАП

Өлең жазу – ермек емес, сән емес,  
Жан емеспін қуып жүрген тағы елес.  
Соқтықпалы соқпағым бар өзімнің,  
Биігірек бір белестен бір белес.

Жүре берем, жеткенімше мәреңе,  
Жаратушым, дәметпеймін дәнеңе!  
Өзің құйған көңілімнің тұнығын  
Шайқамаймын, лайламаймын және де.

Шырқап тұрар кеудем дәйім асқақ ән,  
Сол асқақ ән биіктерге бастаған...  
Өзімсініп құшақтасам біреуді,  
Қойынына тығып алған тас табам.

Шақтарымда сенім құлап, жасыған,  
Не бақыттан, арнасынан тасыған,  
Сабыр деймін, сәл-сәл сабыр ет, жаным,  
Сосын... оңашаға асығам.  
Ағытамын шетіндегі түйінін  
Моншағымның, тізген көздің жасынан.

Түн-тыныштық сипап сонда шашымнан,  
Ай нұры аппақ табылады қасымнан.  
Моншағымның маржандарын мөп-мөлдір  
Ақ қағазға төгіп-төгіп басылам.

## ҚАРАТАЛЫМ

Алысқа кетпесем де,  
жүрмедім жиі келіп,  
Өзіңе бұл қызыңның  
арнаған сыйы бөлек.  
Мен үшін, Қараталым,  
аспаның биігірек,  
Сен жақтан еседі ылғи  
ерекше бір жылы леп.

Айналдым, ағайын-жұрт,  
мейірлі жүздеріңнен.  
Туған жер төсіндегі  
бабамның іздерінен.  
Бәйге-өмір, Қараталым,  
көрін тек ілгеріден,  
Жете бер ғасырларға  
жеткіншек гүлдеріңмен!

Сән берген айналаңа  
Аютас – ақ отауың,  
Қасында қарсы алыппын  
алғашқы өмір таңын.  
Атамның тері тамған  
өзіңсің нақ Отаным,  
Мәңгілік сағынышым,  
тұмарым – Қараталым!

## ТУҒАН ЖЕРГЕ

Дей көрмеші, сезімталдық – жасықтық,  
Жырақтасам, қайта өзіңе асықтым.  
Сағынғанда, жүріп талай сапарда  
Жанарымнан кетуші еді жас ытқып.  
...Жер-ананың мен бабама бұйырған  
Кіп-кішкентай бөлігіне ғашықпын!

Бар сәулені жиып алып Күн, Айдан,  
Жапырағың, гүл-шалғының жайқалған.  
Сұлу түндер, сиқырлы үндер мас қылып,  
Жаңғырықты оятамын айқайлап.

Аңсай берем қары қалың қысыңды,  
Аязыңа түсіп талай ысылдым.  
Ақ қарындай ақ жүрек қып жаратқан,  
Бораныңдай мінезі бар қызыңмын.

Ереклетіп, еркін етіп өсірдің,  
Ллестім мен үлкен өмір көшіне.  
Бере алмаған,  
еге алмаған маған жақсылығыңды  
Ұлыма бер, ойнақтаған төсіңде!

Дәйім маған кең құшағын ашып қыр,  
Самал сүйіп, шабытымды тасыттың.  
...Жер-ананың мен бабама бұйырған  
Осынау бір бөлігіне ғашықпын!

## ДАЛАММЕН СЫРЛАСУ

Жетем де аңсап, жан-жүрегіммен өбемін,  
Сай-салам ыстық жер жұмағысың дер едім!  
Қырлар мен қырқам – үндемес маңғаздарыма,  
Ішімде тұнған сағыныш сазын төгемін.

Қарасам қанша тоймайды көзім көркіңе,  
Ерекше сезім бағынбай қойды-ау еркіме!  
Қызықтарына балалық шақтың думанды,  
Орала берем, көз алдыма бәрін келтіре!

Жаныма жақын әр тасың, суың, орманың,  
Жүгірген талай жарысып құба жондарың.  
Қара жолдарға қызыға қарап тұрушы ем:  
«Ержетіп, неге тезірек «үлкен» болмадым!».

...Бойжетіп мен де, бір қызы елдің атандым,  
Сол қара жолмен арманға алыс аттандым...  
Самалдай сергек бір сезім билеп кеудемді,  
Аңсадым сені, жеткенше сабыр таппадым.

Алтын шақ екен балалық, балғын кез деген,  
Қалмайтын әлем қиялымменен кезбеген...  
Шіркін-ай, сонда, сенде өткен шуақ күндердің  
Сағыныш болып келерін неге сезбегем!?.

## ЕСІМДЕ – ЕРКЕ ЕСІЛ

Есімде менің сылаңдай аққан ерке Есіл:  
Жағасы – тоғай, қарақат-мойыл көл-көсір.  
Жаз бойы арбап, шығармайтын-ды өзінен,  
Көктемде – тентек, сөгілген сені-көрпесі.  
Сыңғырлай күліп, танытушы еді наз қылық,  
Есілім – ерке, мөлдірлігі оның – жас тұнық,  
Күміс шабағы ойнап, уысымнан шоршып кететін,  
Ұстамақшы болған бала көңілімді мәз қылып.  
Миуалы тоғай, құстардың үні жететін,  
Айнала – жұпар, тұратын еді жаз күліп.

...Бүгінде соның бірі жоқ, қалды бәрі ұмыт,  
Бұраң бел Есіл – Тың теңізі боп танылып...  
Қызықтаушы едім көктемде сеннің жүргенін,  
Кәрі де, жас та жағаңда жүрер сән құрып.  
Санамда сонау сұлу суреттер бедерлі.  
Табиғатқа адам қашан да болған кедергі...  
Бөгеді суды. Жұмағым қалды жұрдай боп,  
Өзгерді бәрі. Бөгеді дағы теңеді...  
Ертегі тілді Есілім: «Ерке жылдарды  
Көзімен көрген соңғы ұрпақ – сенсің!», – деген-ді.  
Жағаңа келсем, іздейді көңіл керегін,  
Шарлаған сайын бурыл толқындар тереңін –  
Қалпынан танбас Тың теңізінің бұрыңғы  
Тентектігі мен еркелігі елес береді.

## ҚАЗАҚТЫҢ ДАЛАСЫ

Иіп берер бойынан бар асылың,  
Игілігі баламның баласының...  
Нелер заман өтпеді төскейінде,  
Қасиетті қазақтың даласының!

Тұнған тарих астары әр қырының.  
Сағынам сағым-көштің сәнділігін.  
Жетеді құлағыма даламда өткен  
Тұлпарлардың дүбірі жаңғырығып.

Қанып ішем даламнан жырға тұнық,  
Дала үні – симфония тұрған тұнып.  
Ақ қайыңды құшақтап билеймін де,  
Ліп кетем бүршігін сырға қылып.

Аялаймын жаныммен тал, терегін.  
Нәзіктікке дәл сендей жоқ теңеуім,  
Дала гүлі, мен сені құшып тұрып,  
Жанарыңнан мөп-мөлдір сыр теремін.

Сырласуға даламмен жеке барғам,  
Аңқылдап қоңыр самал еседі алдан.  
Бабам болып аймалап, аялайды ол,  
Жазықсыз жазаланып кете барған.

Өткені мен бүгіні арасының  
Куәсі өзі – қарт жүрек, жарасы мың,  
Бабамның қасиетті аманаты –  
Игілігі баламның баласының.

## ҚАЗАҚСТАН

Шындықты айтып ән-ұран қалықтаған,  
Көк байрағы – кеңдігі, жазық далам!  
Бауырына сан ұлтты паналатып,  
Шығарудан төріне жалықпаған.

Шыдамның да шегі бар, шыдап бағып,  
Басындырмас ешкімді бірақ тағы.  
Қазақстан – бостандық пионері,  
Желтоқсан боп шығатын шырақ жағып.

Ғасырлар салт-дәстүрі сараланып,  
Жеті атасын жаттаған дана халық.  
Тарихын түгендейді қазақ жазып,  
Келешекке жаңарып барары анық!

Уақытша ғой, пәс болса еңсем, мейлі...  
Ел аманда – сенімім теңселмейді:  
Еркіндік пен ерліктің аспанында  
Қазақстан құлашын кең сермейді!



## ӘКЕ ТОЙЫНДАҒЫ ТОЛҒАУ

Тойыңа жырыммен шашайын шашуды,  
60-ты арқалап, ала бер асуды!  
Анамның сыйласқан ғұмырлық жарысың,  
Өмірің – өнеге, иемін басымды!

\* \* \*

Атасының ыстық мейіріміне шөлдеген,  
Қойнына салып, әжесі жуған жөргегін.  
Алпысқа толды, іңгәлап туған сол сәби,  
Бір тағдыр болып айшықтап өмір өрнегін.  
Әкесі болды сұрапыл соғыс құрбаны.  
Ер еді, сірә, момындау шаруа, тұлғалы...  
Еміс-еміс кейде елестеп көзіне кетеді,  
Анасы екеуі шығарып салып тұрғаны.  
Әке бейнесі – мәңгілік бала арманы,  
Болды ғой талай ұйқысыз өткен таңдары.  
Сәби- санадағы жаңғыртар сонау елесті,  
Көмескілеу бір суреті дағы қалмады.  
Қатарынан кем болмасыншы деп құлыным,  
Бұзбайын деп әрі сәби-көңілдің тұнығын,  
Анасы жалғыз көп көрді өмір бейнетін,  
Жолына қарап оқуда жүрген ұлының.

\* \* \*

Жақсымен кешкен жылдарың – бейне, ғасырдай,  
Әлде, сәт лезде жарқ етіп өтер жасындай!?  
Оқу бітірдің, құсыңды қолға қондырдың,  
Күйеу бала болып асыл бір жанға Қасымдай!  
Мамандық алып, жалғадың өмір жолыңды,  
Жолдама берді, айқындап саған орынды.  
Жастық жігермен араласып кеттің ауылға,  
Толтыра бердің іскерлік білім-қорыңды.  
Жас маман, сөйтіп, еңбекте жақсы танылды,  
Достарың да бар, жолдастар таптың қадырлі.  
Көп қолдау көрдің басқа ұлт өкілдерінен,  
«Бөтен» деп түртпектегендер дағы табылды.  
Жерледің осы топырақта туған анаңды,  
Өсірдің адал еңбекпен тоғыз балаңды.  
Социалымыздан, амандық болса, әлі-ақ,  
Жиендерің мен немерелер қанат қағады.  
Енді сен, міне, осы ауылдың бір шалы боп,  
Зейнеткері боп, ақ самай шашты сәні боп,  
Араларыңда ұзақ, аман жүруіңді тілейді,  
Құдаларың бар, тойға жиналған қалың көп!

\* \* \*

Өзіңсің ұлыма үлгі етерім де,  
Кетпеген әркімдердің жетегінде.  
Біліп өстім, билетің болмаса да,  
Ісіңменен коммунист екеніңді!  
Ылайымда үзілмей жалғассын ән,  
Айта берсем, таусылмас, таңға асырам.  
...Ал, әке, таусылмайтын әңгімемді  
70 жылдық тойыңда жалғастырам!.

*сәуір, 1996 ж.*

## БӘЙТЕРЕГІ ҒАСЫРДЫҢ

*Нағашы атам Қасым Иманқұловқа*

Жүрегіне жылдардың тек жылулығын дарытқан,  
Жан сарайы самаладай, жаратылған жарықтан,  
Әзілі мен әңгімесі жадыратар жаныңды,  
Нағашы атам – еңкіш тартқан кіп-кішкене арық шал.  
Өмір жолы – тарих жолы, түйгені одан көп ойға,  
Ғасырменен жиырмасыншы құрдас болу оңай ма?!  
Аман өтті небір апат, сұрапыл от ішінен,  
Аз қонақтың арасында – Жеңіс деген бір тойда.  
Жарасады отырғаны әзілменен қағысып,  
Ақыл айтар даналықпен барлап заман ағысын.  
Көншімейді көңіл хошы, тындырмаса жарқын іс,  
Соның бәрі келешегі – шөберенің қамы үшін.  
Жалаң аяқ балалығы, жастығы өтті жасыңды,  
Мал да бақты, егін салды, бойға қару асыңды...  
Небір дүлей дауылдарға мүжілмеген, сынбаған  
Бәйтерегі Ол біздің ауыр, сынға толы ғасырдың!  
Жүрегіне жылдардың тек жылулығын дарытқан,  
Жан сарайы – самаладай, жаратылған жарықтан.  
Жақындаған жанның бәрін жадыратып жіберер,  
Сыйлы қартым, қарттықтың да құдіретін танытқан!  
...Ұрпағыңның бірімін мен, бастауыңнан қаныққан.

1996 ж.

## СИҢЛИМЕ

Ақ бантиктер – балғын бала көңілдер,  
Ақ бантиктер – балауса жас өмірлер.  
Ақ бантиктер – жүректерді тербеткен,  
Таңғы шықтай кіршіксіз пәк сезімдер!  
Ақ бантиктер – рауандаған ақ таңдар,  
Ақ бантиктер – жалғасы ұзақ дастандар.  
Ақ бантиктер – махаббатты жыр етіп,  
Жүректерде әлдилеген армандар!  
Ақ бантиктер – ақтарылар ақ сырлар,  
Ақ бантиктер – жаңа туған жас жырлар.  
Ақ бантиктер – тау суындай екпінді,  
Алып-ұшқан алғыр ойлар, ақ шыңдар!

\* \* \*

Арманың саған арайлы таңмен беттесін,  
Шырқау шыңдардан қол бұлғап, «тездеп жет» десін,  
Шаттықтың нұры құйылып әр кез жаныңа,  
Жүзіңе тұнған бақыт сәулесі кетпесін!  
Армансыз адам қанатсыз құспен пара-пар,  
Қанатсыз болса, құс деп кім оны бағалар?  
Көк жүзінде еркін қалықтай алмай көсіліп,  
Түртініп жүріп, тіршіліктен бір күн жоғалар.  
Арман бар жерде күңгірт бояулар ағарар,  
Аққулы айдын, жан сая табар жаға бар.  
Самғай бер, самға!  
Қанатың талса, демейтін  
Дос көңілдер бар, ақ, адал!

1977 ж.

## МАХАББАТ ЖЫРЛАРЫ

Өзіңді бала кезден білуші едім,  
Қызықтап қылығыңды күлуші едім.  
Кейде, тіпті, мен саған көңіл бөлмей,  
Санап көптің біріне жүруші едім.

Балалықтың өткердік бастан бәрін,  
Жастықтың бірге аттадық баспалдағын.  
Айналып жай таныстық шын достыққа,  
Сыр шертумен қарсы алдық ақ таңдарын.

Білдік біз достықта шың, асқар барын,  
Бірге оқыдық махаббат дастандарын.  
Есіңде ме, екеуміз алғаш рет  
Араладық оңаша жастар бағын?!

Сен мені көп ішінен қаладың да,  
Арайлы арманыңа баладың да,  
Бірге өскен бала кезден құрбым едің,  
Айналдың енді қимас адамыма.

Сен аялап оятқан ақ махаббат  
Сәтті сапар тілейді әр қадамыңа!

1979 ж.

\* \* \*

Қараңдаршы!  
Аспан қандай түп-тұнық.  
Әне, ару Күн  
Сәуле шашып, тұр күліп!  
Сәби кезі табиғаттың тамаша,  
Айтатындай жыр қылып!  
Бәйшешектер –  
Жаңа ашылған сыр тұнық,  
Көктем келді Алматыға  
Нұр тұнып.  
Менің тентек жүрегімде  
Балауса, балғын сезім  
Бүршік жарды құлпырып.  
Мен көктемдей  
Көріктіме жолықтым.  
О, жастық шақ!  
Құдіретіңді мол ұқтым.  
Бірақ, бірақ...  
Сезімімді сәбидей,  
Махаббат деп мойындауға  
Қорықтым.  
Жүрегімнің аңсағаны,  
Арманым,  
Көрінесің маған биік болып тым!

1981 ж.

\* \* \*

Хат арқылы сыр шертісіп,  
Екі жақта жүрсек те,  
Мәңгі тірек дос көңілге  
Сенім деп біз білсек те,  
Сеніміңді күйретпек боп,  
Кейбіреулер күш салса –  
Жеңе біл сен,  
Тек әлсіздік көрсетпе!  
Адалдықты бетке ұстап,  
Сезімге шын сенсек те,  
Кейде, тіпті, пенде болып,  
Өсек сөзге ерсек те,  
Сыншы тағдыр сынамақ боп,  
Ауыр жүгін артқанда –  
Көтере біл,  
Тек әлсіздік көрсетпе!  
Екеумізді екі айырған  
Тағдырға біз көнсек те,  
Маған деген сеніміңді  
Тереңде ұста, теңселтпе!  
Сағынышпен көріскенде,  
Алып-ұшып көңілдер –  
Өтінемін,  
Тек әлсіздік көрсетпе!

Быт-шыт қылып ар-ұяттың өткелін,  
Көп алдында мен өзіңе беттедім.  
Есіңде ме жәудір аспан, айлы кеш...  
Алматының керім сұлу көктемі!?

Ер тұлғаңнан тауып жүрек қалауын,  
Арман болған батыр ұлға баладым.  
Сол сезімнің күші еді ғой еріксіз,  
Саған қарай менің басқан қадамым.

Ал сен мені сол күні алғаш ойладың.  
Мүмкін, алғаш жастық тойын тойладың?..  
Тәтті елестер тербеді де жаныңды,  
Алаңдатты, ойламасқа қоймады.

Кінәсізбін... кінәлімін... алдында,  
Жүрегіңді ерте мазаладым ба?..  
Көктем еді, күмбірлеген күй еді,  
Көңілдерде, Көктөбеде, бар маңда.

Сезім өтпес, кірпігіне қонбай мұң.  
Сүйгені үшін жазалауға болмайтын,  
Сен деп соққан жүрегім бар кеудемде,  
Кешіретін, сағынатын,

үміт жібін жалғайтын.

Қаладық па.., қаламадық... өткенін,  
Сонау кешке сағынышым көп менің.  
...Жүрсең болды ара-тұра есіңе ап,  
Алматының керім сұлу көктемін!?



\* \* \*

Кездестік біз жылдар салып араға,  
Сыр сарайын аштым саған – арала!  
...Кеме көрдім, желкендері жыртылып,  
Жел итеріп, шығып қалған жағаға.

Өмір – өзен, не қызық бар жағада,  
Айдынына жетті-ау ұшып шағала!  
Өмір – өзен, қас-қағым сәт бағалы,  
Әлсіздерді жарға итеріп бағады.

Ойға шөккен күзетшісі жағаның –  
Кеме көріп, өзім бе деп қаламын...  
Көк теңіздің тентектері – толқындар  
Тулап келіп, қалып жатыр жоғалып.

...Сезіміңді жылдарыңмен саралап,  
Жеттің маған, жеттің жаңа ән арнап.  
Көк теңізге өзің сүйреп түсірші,  
Өз қолыңмен желкенімді жаңалап?!

## МОНОЛОГ

Сен мені ұмыта алмайсың,  
Ол – мүмкін емес!  
Сирек болса да, ойлайсың,  
Күлкім – елес.  
Әлі сағынарсың да,  
Кездескің келер.  
Түндер де болар  
Көз жасын төгер.  
Өкінбесін деп кетіп едім мен,  
Тартуға да азап бекіп едім мен.  
Жамандық саған тілемеймін ғой,  
Жиі мазалайды өзің туралы ой.  
Өткіздім жалғыз  
Қаншама көктем,  
Азабым тәтті,  
Бақытты ем неткен!  
Түн құшақ жайып,  
Сөнгенде жарық,  
Отырам оймен оңаша қалып...  
Уақытты «сыншы» дейді ғой халық.  
Бір ауыр жолды таңдадым анық!  
Жеңер ме екем, жеңілермін бе?  
Бірақ та, сірә, шегінермін бе!..  
...Сенім арқалап, алға аяқ басам.  
Кездесерміз де...  
Жоқ! Жоқ. Ешқашан!

1995 ж.



Жаймашуақ тыныштықта  
Лезде ызғар соғарын,  
Содан... енді ғана бой көтерген  
Жас шыбықтың соларын.  
Жазды күтсек,  
Мезгілсіз кеп  
ерте күздің қонарын.  
Тіршілікте көп оқиға  
Күтпей кенет боларын.  
...Мен де ол кезде білмеп едім,  
Алғашқы хат –  
соңғы хат боп қаларын...

1981 ж.



## ӨКІНІШ

Мен де сенсіз өмір сүрем, ендеше!  
...Сырлас едік, сыйлас едік біз кеше.  
Жат адамның сөзін сөйлеп отырсың,  
Күндесеші бөтен біреу, күндесе.  
Тек сен емес, жармасатын жағама,  
Толып жатыр «жылтыр жүздер» арада.  
Жеткен шығар ақырзаман мен үшін,  
Сенейін бе, сен отырсың табалап?!  
Жұлым-жұлым жүрегімді жаралап,  
Суық сөздер жан-тәнімді аралап,  
Адал ниет, аппақ еді пейілім  
Саған деген, сен отырсың қаралап.  
Көңлім бар жұртқа сенгіш, ақ, адал,  
Еркелігім, еркіндігім және бар!  
Кездерім бар – шешіліп бір сөйлейтін,  
Өзгермеймін – табаласаң, табала!  
Жан емеспін бұғып жүріп, ептеген,  
Жолымдағы тікенекті  
«Тағдыр сыйы» деп терем.  
Жартылай мен жақсы көрмен ешкімді,  
Жек көрсем де,  
Біржолата жек көрем!

## КҮЗ

Ұнайды маған көсілген қырда күз-күрең,  
Қызыл-қоңырдан, сары ала түсті түз-кілем.  
Әйтсе де, көріп, мұңайып қалам құстарды,  
Көктемде бәрің келесің бе аман, кім білген?..

Мұң әкелдің-ау, сары ала салқын күзгі рең,  
Сарғайып барып, жапырақ біткен үзді дем.  
Сыбырлап, желмен сырғанай көшіп барасың,  
Айтылмай қалған сырларың болар, кім білген?..

Сіміріп тұрмын, сергітер ме деп, күз демін,  
Өткізіп бастан талай ойлардың тізбегін.  
Күзі мен қысы... заңдылығы ғой өмірдің,  
Көктемнен күдер үзбедім!

1997 ж.

## ДОСТЫҚ ЖЫРЛАРЫ

Сырлы, нұрлы жанарларға  
Мөлдіреген жас тұнды.  
Кірпік қақса сәл-ақ қана,  
Төгілуге шақ тұрды.

Қимас сезім жүректерге  
Ұялады сол бір сәт.  
Қандай қиын қош айтысу,  
Кете бардық қол бұлғап...

1977 ж.

\* \* \*

Дала бүгін ерекше бір  
Ақ гүлдерге толып тұр.  
Жабырқап мен келе жатсам,  
Ақ көгершін жолықты.

Ақ кептерден сонда саған  
Сәлемімді жолдадым.  
Сағынышын жүрегімнің  
Жеткізер деп ойладым...

1977 ж.

\* \* \*

Достарым бар секілді бір гүлдесте,  
Нәзіктігі, беріктігі парасатпен үндескен.  
Бәрі әдемі жарасымын тауып тұр,  
Бұл дестеден жұлмасыншы гүлді ешкім?!

Өмір – сапар, бұралаң жол, әлбетте,  
Бастайды екен қияларға, әр шетке.  
Ыстық маған бірге оқыған бәріміз  
Сонау жылдар, балаң сырлар біз шерткен.

Өмір заңы... қарамайды көңілге,  
Жүре алмайды оған ешбір әмір де.  
Тағдыр жолы тоғыстырса, кездестік,  
Ал, әйтпесе, сағынамыз бүгіндер...

Достарым бар секілді бір гүлдесте,  
Нәзіктігі, беріктігі парасатпен үндескен.  
Бәрі әдемі жарасымын тауып тұр,  
Бұл дестеден жұлмасыншы гүлді ешкім?!

1997 ж.



## ШӘКІРБАЙҒА

Суық хабар.  
Кетті жаным түршігіп,  
Қалғандаймын  
Демім бітіп, тұншығып...  
Өмір сүру маған жеңіл еді ғой,  
Жер бетінде бар деп  
Сендей бір жігіт!!!  
Түсінгендей менің ауыр қайғымды,  
Қара бұлт та төкті жасын  
Күңіреніп, күрсініп.  
Адалдықты арам жеңген заманда,  
Жақсылықты жаман жеңген заманда,  
Көріктеніп кетуші еді айналам –  
Ойлағанда,  
Сендей жігіт бар деп мына ғаламда!  
Амал қанша...  
Жалғасады тіршілік:  
Түн түнегін Күн түріп,  
Қызғалдақтар көктем сайын құлпырып,  
Ақ қайыңдар  
Өзің туған аймақта  
Жылда жарып бүршігін.  
Мен жүрермін  
Жалған үміт жетегіне ілесіп,  
Бар деп Сендей бір жігіт...

\* \* \*

«Кездесерміз, мүмкін, әлі,  
Үміт алға шақырады...»  
(ән жолдары).

Пендеміз ғой жүрген уақыт дегеніне бағынып,  
Көрісуді аңсап, бірақ мұрша болмай, сабылып.  
Кездескенде, күліп келіп құшағыңа алатын,  
Сол сәттерді кеттім, Шәкөн, сағынып!?

Еңсем түсіп, көңіл көгін торлағанда қалың бұлт,  
Бір өзіңнен адалдық пен шынайылық табылып,  
Кездесетін, сырласатын күндер бар деп алдымда,  
Шәкөн, мені жетелейтін сенім менен тағы үміт!

Тербетуші ең әніңменен көңіліме егіп гүл,  
Дос пейілдер, ақ сенімдер... болмайтын-ды бөтен сыр.  
Сағындырып жүруші едің достарыңды үнемі,  
Енді, Шәкөн, өмір бойы сағыныш боп өтерсің!  
...Үміт гүлі... үзілгені... бекерсің...

*тамыз, 1996 ж.*

## МҮШЕЛ ЖАС

Айналып тағы келдің, туған жылым,  
Ұлдар – әке, қыздарың – ана бүгін.  
Бәрінің бүгінде бар өз тұрмысы  
Ұмыттыра бастаған балалығын.

Келдің бе, туған жылым – ана жылым,  
Оралмайды-ау сенімен балалығым!  
Бұл қызың ғашық әлі қарлы шыңға,  
Соған деп терумен жүр дала гүлін.

Дала кезіп, сезініп даралығын  
Жүргенмен жаны жарқын, жанары – мұң.  
Заңғар мен гүлге іңкәр жүрегі оның  
Қосады тау мен дала аралығын.

Келесі келгеніңде, ана-жылым,  
Тіпті алыстар армандай балалығым!  
Жанып алып жарқылын жанарымның,  
Еңлік гүлге жетермін, қарлы шыңда  
Пеңделерге биіктен қарар күліп.

1997 ж.

## КӨҢЛІМ МЕНІҢ

Қытымыр қыстың қатырып демі,  
Ақ қар астыңда кидің ақ кебін.  
Шығарсың қалай жарық нұрға енді,  
Көміліп қалған көңілім менің?!  
Айлап ақырған аяздан кейін,  
Жаның жылынсын, шуақта дейін.  
Ағыл да тегіл ақтарыл, жүрек,  
Көзіңнің мұзын, кел, жібітейін.  
Озарсың менен, қаларсың кейін,  
Көзіңнің мұзын, кел, жібітейін.  
Тоңдырып алдым, енді не дейін?  
Өзің де соған тұрдың-ау бейім?..  
Өзің де соған тұрдың-ау бейім.

\* \* \*

Тамшы тосқан тілім-тілім жердейгі,  
Жүрегімді уақыт, мүмкін, емдейді.  
Жақын жүріп сыйласпаған жандарды,  
Алыс кетіп, сағынғым да келмейді.  
Десек дағы «аққа қара ермейді»,  
Бір өкініш әлі маза бермейді.  
Сан қиыннан сенім алып шығатын,  
Кешірем деп... енді сенгім келмейді.  
Бұл өмірге келдім, кетем мен, мейлі,  
Кездейсоқтық деп атауға келмейді:  
Жүрегімде ата-бабам қаны бар,  
Қанның күші күйреуге жол бермейді!

## БІР СӘТТІК СЕЗІМ

Көсіліп жатқан қазбауыр бұлттар көктегі,  
Жайқалып жатыр торы Тобылдың бөктері.  
Түйіліп келіп, құйып бір өтші төбемнен,  
Жуып жіберші көңілде жүрген өкпені?!

Толқыны торы Тобылдың сылаң қағады,  
Ақ бауыр бұлттар сырғанай көшіп барады.  
Ақ жауыныңды аңсап тұрмын-ау мен қазір,  
Жуылмаса өкпе шер болып қатып қалады.

Мұң шағып едім, қазбауыр бұлттар, жетпеді,  
Сырым- даламның самалы майда, өп мені?!  
Шомылып саған, тазарып әрі шығайын,  
Қайдасың, қайда, торы Тобылдың өткелі!?

*шілде, 1997 ж.*

## КӨКТЕМГІ ОЙ

Табиғатты: даланы, суды, құзды  
Құрсауында ұстаған қардың, мұздың.  
Аппақ асау арғымақ ауыздықтап,  
Арпалысқан ақ батыр... босап тізгін,  
Жуасыпты. Құты да қашқан мықтап,  
Нұрынан жақындаған көктем-қыздың!

Қыз-көктем аяңдайды сәнмен басып,  
Тарайды жарқыратып алтын шашын.  
Оркестрі соңында – сан мың құстар,  
Іздері – бәйшешектер шашылғасын,  
Салтанатты жас сұлу келсе тұстан,  
Қай батырдың мазасын қашырмасын!

Ару көктем айлардың жетегінде  
Толысып, жазға айналып кетеді де,  
Көпке өмір сыйлаған жомарт ана –  
Алтын күз боп қонады мекеніне.  
Ақ батыр қайта мінер қаһарына...  
Жылдар солай сырғанап өтеді де...

1987 ж.

## ШАҒЫН ТОЛҒАУ «ӘЙГЕРІМ»

Лапылдаған бір махаббат,  
Өзің болып жалғасқан.  
Ал есімің көпке қымбат,  
Абай қойған – бір дастан.  
Сенің сәби көздеріңнен  
Парасат, нұр тарайды.  
Парасатпен іңкәр еткен,  
Бір Әйгерім Абайды:  
«Үмітісің, қазақ қызы,  
Арман болашағымның.  
Мен салмаған әнді сен айт,  
Шолпаны бол таңымның!  
Өйткені сен жалғасысың,  
Меңдей апаларыңның!»...  
Мүшел жас – ол бетбұрыс қой,  
Жастығыңа беттедің.  
«Қызғандырып» бәрімізді,  
Тез есейіп кетпегін?!  
Ғұмырыңа бағыт сілтер,  
Нәр болатын – білім ол.  
Жүзі нұрлы, жан жылулы  
Қазағыңның гүлі бол!  
Айдай толып, күндей күлгін –  
Әлпештейді «сәнім» деп,

Еркелетіп, еркелеген  
Ата-анаң мен Әділбек!  
...Тербететін өмір – айдын,  
Әйгерімдер – талшыбық.  
Елімізде қанат жайсын,  
Бақыт, байлық, баршылық!

*тамыз, 1997 ж.*

## МЕҢСҰЛУҒА

Жүрегіме үңіліп көрмеп пе едің,  
Үржаңа талпынады жөргек-сезім.  
Сен бояумен сөйлеткен сұлулықты,  
Келеді өлеңіммен өрнектегім!

*1998 ж.*



## ПАРОДИЯ

*«Келіп-кетіп тұрады маған да бақ...»  
(Ақын аға)*

Келіп-кетіп тұрады Бақ маған да,  
Кездері бар кейде іздеп таппаған да.  
Әлде, солай жүргені тұрақтамай,  
Барып-кетіп жүр ме екен басқаларға?..

Келіп-кетіп тұрады маған да Бақ,  
Кетпей қалып қояр деп қорқам, бірақ.  
Уақытым жоқ, қолым да босамай жүр,  
Анықтап алайыншы десем, сұрап.

Қара басып, жолым бір оңбады да,  
Бүгін тағы орнымда болмадым, ә?!  
«Неше барсам, орнында болмайды» деп,  
Келмей қалып жүрмесе болғаны да!?  
Келіп-кетіп тұрады Бақ маған да,  
Бақ... әлде, бақытыма тап болам ба?..

*маусым, 1998 ж.*

## ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Жасанған жайлауым жоқ,  
жоқ қыстауым,  
Білемін, келе жатыр жол қысқарып.  
Бөленген сезімдерге жүрегіммен  
жүремін мен,  
Күтіп ап, шығарып сап жыл құстарын.  
Артта қалды биігім,  
өткелдерім,  
Сонда да көңіліммен көк белдемін.  
Қаймықпай қарсы алумен жүріп келем,  
гүлге теңеп,  
Өмірдің күзі менен көктемдерін.  
Көктем гүл ғой, гүл-көктем –  
уақытыңда,  
Ол озса, көнереді жақұтың да.  
Ұлым бар, өлеңім мен махаббатым,  
досымның шапағаты –  
Осылар байлығым да, бақытым да!  
Туған жерге нәр болу –  
бар төлерім,  
Адаммын, ақырғы бір күз келеді.  
Қайың боп өсіп тұрам,  
сағына тосып тұрам,  
Іздесеңдер, даламнан ізде мені!

## КӨШПЕСЕ ЕКЕН СҰЛУЛЫҚ ЖЕР БЕТІНЕН...

*Бердалинова Ғайнижамал апайға*

Нұр өрілген келісті келбетінен,  
Көздерінде мейірім тербетілген,  
Айналаға жып-жылы шуақ шашқан,  
Көшпесе екен сұлулық жер бетінен!

Озбырлықтан асқынған ел дертінің,  
Жырыменен жазатын кем-кетігін.  
Шапағатқа бір сәттік шомылдырар,  
Сұлулығы көшпесін жер бетінің!

Жамандықтың қашанда өртеңі кең,  
Тайғанақтап кеткенде ер сертінен,  
Ойландырып, ерлікке бастау болар,  
Көшпесе екен сұлулық жер бетінен!

Айқасқанда, ағайын қалар сыңар,  
Сыңар сынар, сонымен өмір тынар.  
Іңкәрлікпен қорғайық сұлулықты,  
Тек сұлулық бәріне ара тұрар!

*тамыз, 1997 ж.*

## БЕТХОВЕН: «АЙЛЫ СОНАТА»

«Айлы соната» –  
Суық төсекті түндегі  
Жылытады сазымен.  
Жалғайды жарық күндерін  
Музыкант жүрегі тауып ем.

«Айлы соната» –  
Сыздатқан дертті дәл басып,  
Жарасын емдедің.  
Саусақтан тамған көз жасы  
Өксіген кеуденің.

«Айлы соната» –  
Махаббатқа ол жауапсыз  
Ескерткіш қойылған.  
Достасу ең тәтті азаппен...  
Қоштасу.  
Көну.  
Мойындау.

*тамыз, 2002 ж.*

Қ...

Көрген сайын қызғанатын жан-жарың,  
Қорлаңдайын алтын жүзік салмадым.  
Жылдан - жылға бара жатыр алыстап,  
Сеніменен жылап кеткен арманым.  
... Оның жасын сүрте алмады басқалар.

Не бір жанның жанар оты жасқанар,  
Жүрек мұзы ерігенде, жас тамар.  
Тайыздау ғой сезім көлі тұрмыстың,  
Шөгүлер мен қайырлаулар басталар.  
... Оның жасын сүрте алмады басқалар.

Бастап едің ғашық әнін жастайын,  
Әлі айтып келе жатсың, Естайым.  
Сеніменен жете алмаған арманым,  
Мұңым болып мазалайды кеш сайын.  
... Оның жасын сүрте алмады басқалар.

*тамыз, 2002 ж.*

## БАЛАЛАР ҮЙІНДЕ

*Тәрбиешілерге*

Бұдан артық бар ма игі іс, сірә,  
Жақсылықпен жуылады бір күнә.  
Жаутаңдаған сәбилердің жүзінен,  
Жүресіңдер ауыр-ауыр сырды ұға.

Қиналады, сыздайды ғой жүрек те,  
Сендер ғана балаларға тірек те.  
Түсінетін, аямайтын көмегін,  
Жүздеріне мейіріммен гүл еккен.

Асыл жандар – алақандар аялы.  
Қам көңілге – қамқор құшақ саялы.  
Тас жүректер аз емес бұл өмірде,  
Ал сендерсіз – тепе-теңдік таяды!

## ТОЙ

Қашаннан бері жұмыр Жер, адам жаралған,  
Кеңістік, уақыт... шексіз де шетсіз ғаламнан,  
Белгілеп берген екі үлкен сыйы тағдырдың –  
Туған күн және өмірден өтер бар күнің!  
Туған күн берген тұрсын деп өмір тойлардан,  
Қазаға жинап, адамға тағы ой салған:  
«Бәрің де келген өмірге мына қонақсың,  
Аралық осы – ұзын ба, қысқа... айта алман?!».  
Ойланып көрсең: бір өмір екен той деген,  
Көңілді, мұңды, айтылар тойда түрлі өлең.  
Қарсы алып, күтіп, шығарып сені салады,  
Аттанар әркім әртүрлі көңіл-күйменен.  
Кішкентай ғана жобасы – той бір өмірдің,  
Келдің де кеттің: жеңіспен, әлде, жеңілдің.  
Шаршайды біреу, ал біреу өте көңілді,  
Біреулер жүріп, отырды біреу төрінде.  
Өмірге қонақ тойдағы қонақ сияқты,  
Дауласып біреу, өнерлі біреу сый апты.  
Санайды біреу бергені менен алғанын,  
Той шырқын бұзар ұмытып біреу ұятты.  
P.S... Тірілерге жолыңды белес қылып,  
Ал өзіңе бір сәттік елес қылып,  
Соңғы сыйы тағдырдың – қаза-қалып,  
Жібереді бәріңді теңестіріп...

## ТҮС

Аппақ ой да, қыр да, барлық биігім,  
Ауыл киген қалыңдықтың киімін.  
Ақ боз аттар жегілген ақ шанадан,  
Түсіп жаттық, алдына кеп үйіңнің.

Есігі мен терезесін жаңа ашқан,  
Ақ сарай – ол, сән-салтанат жарасқан.  
Ай, Жұлдыздар жақын келіп құттықтап,  
Ақ күмістен шашу шашты кәрі Аспан.

Сызылады сыбызғы-әуен сүйкімді,  
Домбырадан төгілген бір күй-сынды...  
Гауһар тастар – шашыраған жарығы,  
Ауыл менің, әлде, сенің ауылың...

Ояна кеп ұмытатын тұсым көп,  
Алайыншы өлеңіммен мүсіндеп.  
... Қиялыммен кезген тәтті елестер –  
Менің тойым өтіп жатты түсім боп.

2003 ж.



## ҚЫЗЫЛЖАРДА БІР ҮЙДІҢ ТЕРЕЗЕСІ

*Бақытжан мен Меңсұлуға*

Күнбағыспын Күнді іздеп бұрылатын,  
Жүзіме жүгірсе мұң көлеңкесі.  
Жарығыңа келем де жылынамын,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.  
Шалқып-тасып отырам, сыр ақтарып,  
Оралады жанымның мерекесі.  
Жібересің кеудеме шырақ жағып,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.  
Жаз келемін, жаныңнан күз өтемін,  
Қай қырларға бұрса да тағдыр көші.  
Алыстан да шамыңды күзетемін,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.  
Өмірімде сен бар деп мақтанамын,  
Биік те кең босаға, керегесі.  
Жарығыңды көргенде, шаттанамын,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.  
Тәлім алар мол сенің тағылымың,  
Отбасының үлгісі, өнегесі.  
Күн нұрындай көремін жарығыңды,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.  
Махаббат пен достықтың шалқып әні,  
Сыйластықтың шынайы лебі еседі.  
Келтірген өмір сәнін – сенің шамың,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.

## ЖІГІТТЕРГЕ

*«...Әйелдерге немқұрайлы қарайтын  
Еркекті мен санамаймын еркек деп».  
(Мұхтар Шаханов)*

«Мен биікпін – бөрік киген екем» деп,  
Құр атына семіретін еркек көп.  
Нәзік гүлге жұдырығын көтерген  
Еркекті мен санамаймын еркек деп.

Жанұясын, балаларын ойламай,  
«Бірер күндік қонақтайтын жер көп» деп.  
Әйелінің табысына тойлаған  
Еркекті мен санамаймын еркек деп.

Болмашыға қабақ шытып, зекірген,  
Алыс жүрер ауыр істен тер төкпек.  
Ұсақ сөзді, өсек айтып көпірген  
Еркекті мен санамаймын еркек деп.

Себепкері төзімді әйел сорының,  
Қимылдаса, шалдығатын еркек көп.  
Көліктерде ұсынбайтын орынын  
Еркекті мен санамаймын еркек деп.

Р.С... Шарап та іш, темекі тарт сәнімен,  
Көрін бірақ биіктердің бәрінен.  
Қай істе де көрсете біл ірілік –  
Еркек деймін, көтеремін пірім қып.

1999 ж.

## СЫРЫМ БОП ҚАЛ

Тұп-тұнық бастауындай өмірімнің,  
Тербетеді жанымды қоңыр үнің.  
Мамырдай беймазалау шақта мына,  
Қақтың-ау қоңырауын көңілімнің.

Жастығың ба, көктем бе... кінәламан,  
Сал-сезім қылаң етті құба жалдан.  
Ғұмыры ұзақ ақырғы шаттығым ба,  
«Кездестір» деп тағдырдан сұрап алған?!

Жүрегімде тірілген талып барып,  
Сезім – үркек, жат қылық танытпалық.  
Сағынышқа сағыныш қосылғандай,  
Күтіп едім, жолыңа жарық жағып.

Қызығынан өмірдің қалып бөтен,  
Қаласаң – жалыныңа жанып кетем!  
Не де болса... ең тәтті сырым боп қал,  
Өзіммен мәңгілікке алып кетем.

## КӨҢІЛ АЙТУ

*Кәмеш тәтеме*

Әкетеді екен  
Өлім дегенің  
Біреуді кеш те,  
Біреуді ерте.  
Жылама, тәте!

Фәниден озды  
Біраз жан: Көкең,  
Өтеген, Бақыт,  
Анаң мен әкең –  
Қайырлы болсын.  
Жылама, тәте!

Тірлікпен ғана  
Өлшенбес бағаң,  
Шексіз бұл ғалам.  
Жақсылықтарың  
Болмайды бекер.  
Жылама, тәте!

Түсініп болмас  
Заңдылық неткен!..  
Өмір мен өлім –  
Тек екі өткел.  
Кездесулер бар  
Жерде де, Көкте.  
Жылама, тәте!  
Жылама, тәте.

*маусым, 1998 ж.*

## 1996 ЖЫЛҒА ТІЛЕК

Шамы сөнген ауылдың, қаланың да,  
Лігер жаңа ғасыр қанатына  
Уақытты жақындатып, сен келесің,  
Адасып қалма, жылым, қараңғыда!?

Электр қуатынсыз бар ма күнім,  
Шырша жоқ, жабылуда мектеп бүгін?..  
Заман тұр ауылымды қыспаққа алып,  
«Ауыл» мен «қазақ» деген бір-ақ ұғым!

Келешегің тұманды түн бола ма,  
Ауылым... қазақ сонда кім болады?  
Теңгенің мөрін көрмей отырған жұрт,  
Басқаның мұжығымен тең бола ма?!.

Қамымен ауылымның зыр қағатын,  
«Ауыл» деп қамшылайтын «мінген атын»,  
Далама, Жаңа жылым, ұл сыйлашы,  
Жаңа ғасыр көгінде Күн болатын!

## БІР КЕЗДЕСУ

Көктемі өткен,  
Күзге әлі ерте,  
Жайнаған жазы,  
Алматы көркем құрдасымыздай.  
Сезімді өртеп,  
Қоштассақтағы.  
Күрсіндік неге,  
Кездесіп қалып, үнсіздік бұзбай?  
Көз алмай тұрмын,  
Бейнеңнен таныс.  
Ыстық та, жақын,  
Суық та, алыс – тәкәппар құздай.  
Қоңыр бұлт торлап,  
Көтермей жүгін,  
Жіберді-ау жылап,  
Біз үшін бүгін – жаңбыры мұздай.  
Жарқылдай сырғып,  
Найзағай күлді.  
Бұлттардың үні  
Күркіреп тынды – тағдырымыздай.  
Жаңбырға жазғы  
Малшындық ақыр.  
Қорғанар бізде  
Жоқ екен шатыр  
Әлі күніге... – шын сырымыздай.

## ТҮЛЕКТЕР ТІЛЕГІ

Түлектерміз – жылдағы жыл құсымыз,  
Ліп ұштық адамдық үлгісін біз.  
Жеткізген осы күнге тәрбиеші,  
Ұстаздарға мың айтар алғысымыз!

Тәрбие мен білімнің нәрін құйған,  
Қарыздармыз өзіңе, алтын ұям!  
Қоштасамыз қоңырау сыңғырымен,  
Ақ жол тілеп қаласың, гимназиям!

Келешек шақырады, таңдар бұлаң.  
Орын тауып, өмірдің гүл-бағынан,  
Шырқап шыға берейік шыңдарға біз,  
Біздермен биіктей бер, гимназиям!

*мамыр, 2001 ж.*

## ӘКЕМЕ

Егіліп сәл нәрседен көңіл-балам,  
Табылмай іздегенім, алаң болам.  
Кейде, шаршап жүрсем де жалғыздықтан,  
Безініп кетем кейбір адамдардан.

Адалдыққа айналам тұрса тұнып,  
Кеудемнің күмбірлейді күй-сандығы.  
Жаманға жақындасам, керек жерде,  
Көрсетем мінезімнің қиқарлығын.

Елемей «қырсықтарды» күні бүгін,  
Күліп келем, ол – менің ірілігім.  
Негізі, аталардан қалған мінез,  
Ал сосын, Әке, сенің тірілігің!

Сен болғасын, қашан да күнім күлген,  
Шыңға өрмелеп, шындықтың гүлін тергем.  
Бұралаңы жолымның, не жүгімнің  
Ауырлығы мысқалдай білінбеген.

Соқтықпалы соқпағым – қалағаным,  
Белгісіз, қай шамаға бара аламын?  
Ыстық соғып, не аяз қарығанда,  
Өзіңсің – тыныс тауып, паналарым.

Сапардың соңы барын бәрі білген...  
Бір күн болар қараңғы қара түннен.  
Жан-тәніммен жалаңаш қалам-ау деп,  
Сол күннен кереметтей қорқамын мен.



## АҚЫН ДЕЙСІҢ...

Ақын дейсің...

Мүмкін ақын шығармын?..

Мүмкін, шыңға мойын созған шынармын?..

Нәзік жырмен тебіренге алсам, арудың  
Жанарында мөлдір шық боп тұнармын.

Отты өлеңмен қайрай алсам намысын,  
Жігіттердің жүрегінде тұрармын.

Мүмкін, тағдыр талқысында сыналдым,  
Найзағайдан кіп-кішкене нұр алдым?..

Адасқанды арасынан мұнардың,

Мүмкін, жырдың сәулесімен шығардым?..

Әлде, өлеңім жүректерді сыздатты,  
Сыңсуындай жалғыз аққу-сыңардың?..

Жайбарақат қалдырмаса, жазғаным –  
Жарқырайды шырағым.

Қазақ тілі құдіретті – құмарым,

Сарқылмайтын бұлағым.

Сол бұлақтан су себелер бақшаға,

Қарлығаштың қанатында – тұрағым.

Мүмкін... ақын шығармын...

**ҰСТАЗДАРЫМА ЕСКЕРТКІШ**  
*1970-жылдардағы Социал сегізжылдық*  
*мектебінің мұғалімдеріне арналады.*

Лесіп кетіп желіне түлкі-заманның,  
Адасып тұйық қалыңға кейде қамалдым.  
Шалдықсам тағы өрмелей берем тасына,  
Өмірде мынау алынар меңдік қамалдың.

Алданып арман, биіктен үміт үзгенде,  
Сұлулық көрдім құлазып тұрған күзден де.  
Сүрініп, тұрып адалдық, ардың жолында,  
Сүйеніп келем өздерің жүрген іздерге.

Күйретіп кетті сенімдер тақтан түсірген,  
Коммунистерді ұстаздарым деп түсінгем...  
Қинала жүріп, көрсете білген ақ жолды,  
Бас иіп өтем іріліктерің үшін мен!

Қаталдық қандай, десек те, «кету» – заңдылық,  
Мәнді өмір сүріп, жүректе жүру – сәнділік.  
Кіршіксіз аспан, көкжиегім болып қалдыңдар,  
Көзім жеткенмен, өзім жетпейтін...

Мәңгілік!

## ЕРІК АСҚАРОВҚА

Құлдыраңдап құлжадай дала кезген ерке ұлың,  
Тарта ұстады желіне жалын жырдың желкенін.  
Сықырлаған сары аяз, ақ боранда шыңдалған,  
Ұланы едің Сен біздің қары қалың өлкенің.

Ұланы едің еліңнің мақтанына айналған,  
Алмас сөздің иесі ең, ер-тоқымың сайланған.  
Тағдырың да сендегі махаббаттың күшімен,  
Мағжандайын ақынның тағдырына байланған!

Жібітетін лебімен қыстың қатал ызғарын,  
Ала кетті жылуын жазылмаған жырларың.  
Сағынады жарқ етер алмастайын сөзіңді,  
Алматы мен Астанаң, Қызылжарың, қырларың.

Туған күнің өзіңсіз тойланатын күн бүгін,  
Ұсынамын төріне жүрегімнің жыр-гүлін.  
Тұрлауы жоқ дүниеде мәнсіз болар тірлігім,  
Ұл-қыздары сағынып, іздемесе бір-бірін.

*ақпан, 2004 ж.*

**ӘЖЕЛЕРДІ АҢСАУ**  
(30 жылдан кейінгі жоқтау)

Мені аймалап ерке желім еседі,  
Ақша бұлттар аспанымда көшеді.  
...Мейірімін сағынамын иіскейтін,  
Маңдайымнан әжелердің кешегі.  
    Аштық, жоқтық, соғыс болып үлесі,  
    Сабыры мен үміт отын түгесіп,  
    Армандарын ақ жаулыққа орап ап,  
    Кете барған ақ бұлттарға ілесіп!..  
Немеренің бесігіне болып ән,  
Болмашыны жақсылыққа жорыған.  
Ақ жаулықтай кіршіксіз ақ ниетпен,  
Жалғызының шаңырағын қорыған.  
    Таймады олар адалдықтың жолынан,  
    Жетуші еді көлеңкелер торыған.  
    Аппақ ары – ақ жаулығы кір шалмай,  
    Кете барған ақ бұлттардың соңынан.  
Ауыл сәні – әжелерім кешегі  
Ақша бұлт боп аспанымда көшеді.  
Мені аймалар ерке жел боп еседі.  
...Ақша бұлттар аспанымда көшеді...

1997 ж.

## ӨМІР ДЕГЕН...

*Ерарайға*

Өмір – өзен, қоңыр толқын күзі бар,  
Көктемі бар, сең-көрпесі бұзылар.  
Жайсаң жазда жадырайды мінезі,  
Тұнығына жүзіп ал.

Өмір – өлең, сұлудайын сызылар,  
Шаттық-гүлі, қайғы-мұңы, жүгі бар.  
Жаныңа азық кәусар жырдың маржанын,  
Тереңінен сүзіп ал.

Өмір – өзен, өмір – өлең біз ұғар.  
Ұға алмаған ерте сынар, жығылар –  
Ақ алмастай қиып түсер жүзі бар,  
Ұққандардың жағалауда ізі бар.

Өмір – өзен, өмір – өлең біз ұғар.

Өзің барда – нұрландырар күнім бар.  
Өзің барда – жағалауда ізім бар.  
Анаң барда – алаңдамай, білім ал.

Миың менен жүрегіңнің еңбегін  
Өмір дейді, өмір дейді, біліп ал!

**«ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗЫ, АНАСЫ,  
ЖАРЫ АҚЫНЫ...»**

*Sizze!*

Пенделер елі, пікірлер кезген бұзықтау,  
Ұғу бар жерде жүреді қатар бір ұқпау.  
Адуын сөзге қағаз бен қалам шыдар-ау,  
Бірақ сен жырды тересің һәм бір тұнықтан.

Қазақтың қызы, анасы, жары, ақыны –  
Жүрегі ізгі, жақсының жанға жақыны.  
Намысы биік қайсыбір бөріктілерден,  
Болмаған, әсте, жақсылықтары ақылы.

Пенделер елі, пікірлер – кезбе, бұзықтау,  
Ұғысу бар да, жүреді қатар ұғыспау.  
Ертегідегі жұмақты аңсап қайтеді ол –  
Қайшылықтарымен өмірдің өзі қызықтау.

Қазақтың қызы, анасы, жары, ақыны,  
Таласар көппен парасат, көрік, ақылы,  
Жер-анамыздан дарыған төзімділік бар...  
Бірақ бұл өзі ұзақ та, терең тақырып.

Қазақтың қызы, анасы, жары, ақыны...

## РЕФЛЕКСИЯ

Сағынышын ақтарып жыр-жүрегім,  
Жеттім-ау, сырласуға гүл-бағыма!  
...Кеше ғана еді ғой жүгіргенім,  
Жалаң аяқ шапқылап қырда мына...

Көктем келіп, жер-ана бусанғанда,  
Жапырақ көңілім де гүл атушы ең.  
Ұзап кетіп ауылдан ән салғанды,  
Бәйшешек жинағанды ұнатушы ем.

Қуанатын нөсерге, боранға да,  
Өмір сырын білмейтін бала кезім.  
Жас қайың сары орамал оранғанда,  
Жүруші едім қызықтап, дала кезіп.

Бұлтсыз аспан тап-таза көмкерілген,  
Балалық – қиял-ғажап ертегім ең.  
Есілден көруші едім жүзіп жүрген,  
Ақ кемені алқызыл желкенімен.

Кеудеме қонақтайтын шағала-ән,  
Сезінуші ем өзімді керім тегі...  
Бір ұлан сол кемеден қол бұлғаған,  
Маған ұзап кетпестей болушы еді.

Өмір деп аталатын соның бәрін,  
Кешіп келем бүгінде тоңып, жанып.

...Жас қайыңның сап-сары орамалын  
Тоңдырады суық жел жұлып алып.

Өтіп келем талай сын, сынақтардан,  
Алқызыл желкен, кеме... жырақ қалған...  
Бозторғайың жақын кеп қонып еді,  
Ұшып кетті... кім ұзақ тұрақтаған!?

Сағынышын ақтарып жыр-жүрегім,  
Жеттім-ау, сырласуға гүл-бағыма!  
Кеше ғана еді ғой жүгіргенім,  
Жалаң аяқ шапқылап қырда мына.

... Отырмын бүгінімнен көз жіберіп,  
Сырғанап бара жатқан жылдарыма.

*қыркүйек, 1997 ж.*



## ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНАН KEЙІН

Ұшырған жас баласы,  
Қыран боп тас жанады.  
Қазақтың астанасы  
Ауылдан басталады.

Ауылын таптайын деп,  
Жау келсе ел шетіне.  
Батыры атқа қонған,  
Көресін көрсетуге.

Қазақтың қасиеті  
Бусанған бауырында.  
Бақыты, қасіреті,  
Ертеңі – ауылында!

Жер жүзі құлақ түрді –  
Намысты қолдан бермей,  
Кезекті сында тұрды,  
Бәйге алған Құлагердей.

Дес бермей еңкеюге,  
Батырдан «Сауға!?» делік.  
...Астана көркеюде,  
Ауылды «жауға» беріп.

1999 ж.

## «АТАМЕКЕН»

Сан ғасырлық тарих тұнған төсінде  
Атамекен – қазағымның даласы.  
Сол даланың қасиетін түсін, Сен –  
Қазақтың әр баласы!  
Қарсы алып тұр замананың дауылын,  
Атамекен – ақ шағала ауылың!  
Атамекен – мейірімін төгетін  
Ата-анаң мен дос-жараның, бауырың.  
Атамекен – ана тілің ән қылған,  
Атамекен – салт-дәстүрің жаңғырған.  
Атамекен – ұстаздарың, мектебің  
Өнер-білім айдынында сән құрған.  
... Бағыт айқын, тола түсті олқылық,  
Көп тәрбие жадымызға тоқылық.  
Кел, жүзелік әріқарай, ендеше,  
«Атамекен» кемесіне отырып!

\* \* \*

Күй ойнайды, естіледі тұлпарлардың дүбірі,  
Көз алдымда өтіп жатыр  
қазағымның кешегі мен бүгіні.  
Кешегісі – атқа қонып, ел қорғаған ерлерім,  
Бүгінгісі – егеменді ел, сол қорғалған жердемін.  
Бабалардың аманаты –  
сенімді ұрпақ қолында –  
Желтоқсанның өрендері намысты да, зерделі!  
2001 ж.

## АРУ ҚАЙЫҢ ТЕРБЕЛЕДІ

Нәзіктікпен жасыл желек, ақ тәнді,  
Балғын қайың тербеледі пәк жанды.  
Уыз ішкен Жер-ананың аруы,  
Ғашық еткен адам түгіл, аспанды!

Желмен жолдап алысына бар сырын,  
Өрт сезімін жеткізеді жаршы Күн.  
Сағыныштан төгіледі толассыз,  
Көк аспанның бұлт-көзінен тамшы-мұң.

Сүйгендіктен кең даласын – тұрағын,  
Жүрегінен бір әдемі шығады үн.  
... Алыс кетсем, іздеп тұрам жаныммен,  
Ақ қайыңды – сұлулықтың шынарын!

Іңкәрлікпен бағыт бұрған ел көші,  
Менің далам – сол қайыңның өлкесі.  
Тербеле бер, сұлулыққа тәнті етіп,  
Ару қайың – Жер мен Көктің еркесі!



## АНАМА

Өмірдің қалт-құлт еткен кемесінде,  
Сен алпыстың, мен қырық белесінде,  
Жанып тұрмыз екі ана – екі шырақ...  
Құдіретім жетпейді теңесуге.

Құлақ аспай көп айтқан кеңесіңе,  
Тұрған жанып құр менің елесім бе?..  
Өзін де, өмірді де түсінбеген  
Қызыңды сен түсінбей келесің бе?..

Ықтасын болатындай бір тұрағы,  
Табылмай, жарым көңіл шарқ ұрады.  
...Тәп-тәуір жарығы бар шырағданның  
Жалыны салмақсыз ғой, шалқымалы.

Айнала ауа көшіп, жел тұрады,  
Дірдек қағып, сөнуге сәл тұрады.  
Жарығы, жалыны үшін күрестері  
Бір басына жетіп-ақ артылады...

Өмірдің қалт-құлт еткен кемесінде,  
Сен алпыстың, мен қырық белесінде,  
Жанып тұрмыз екі ана – екі шырақ...  
Құдіретім жетпейді теңесуге!

## ӘСЕР

(А.С. Пушкинді оқығанда)

Тұнып тұрған сұлулық –  
Жыр маржаны төгілген!  
Талай түндер селт етпестен  
Отырдым мен өзіңмен.  
Тереземнен қарайған түн  
Аппақ нұрдай сезілген.  
Күй кештім бір  
Жылап, күліп –  
Лықсып жатты сезімдер.  
Тұнығыңа бойладым да,  
Ойларыңды  
Қанбай шөлім,  
Жұта бердім,  
Алмай демім,  
Тағы дедім –  
Еріп кеттім өзіңде!  
Жыр-әлемнің ауасына  
Шомылдырып сезімді,  
Қайта тудым,  
Қайта таптым,  
Ақ, періште кезімді.  
Мына өмірге пәк көзіммен,  
Іңкәрлікпен қарадым.  
Жаным, тәнім  
Таза қандай –  
Жаңардым!!!

Тұнып тұрған сыр-сұлулық,  
Сенейін бе, адам жазды дегенге?!.  
Адам болсаң..

адам болсаң,  
Болдың, сірә, Кемеңгер!  
Жүрегімді жалын еттің,  
Көңіліме лағыл септің,  
Сусынымды басып өттің,  
Аяладың, сүйіп-өптің,  
Мені мәңгі ғашық еттің,  
Кемеңгер!

Жоқ, жоқ! Ақын!!!

Ақынсың Сен

жанып өткен.

Найзағайсың сылаң еткен

Қоңыр көктен.

Болмысың тек ақ қағазда,

Сия кепкен...

Ал өзіңе ғашық еткен –

Қысқа өмірде

жазып кеткен

Өлмес, өшпес

Өлеңдер!!!

1983 ж.

## ДАЛАММЕН СЫРЛАСУ

Есіңе алшы, паң далам!  
Көңілі шерлі, боздаған,  
Сөздері мірдің оғындай  
Халқының мұңын қозғаған.  
Жарқылдап найзағайындай,  
Өтіпті сенде әз бабам!  
Ол кездер қазір сағымдай,  
Алдамшы болған бір заман.  
Тарихты түгел тыңдаған,  
Тіршілік үні тынбаған,  
Есіңде сенің, паң далам,  
Сырғанап кеткен сұр заман.  
Айналған жылдар сағымға  
Із-түссіз, сірә, қалмаған.  
Тұяғы болып тозбаған,  
Жырлары болып жазбаған,  
Ұшқыны қалып қанымда,  
Өлеңнің оты маздаған,  
Бағыңнан ұшып самғаған,  
Шал ақынның оралған  
Өзіңе бүгін, паң далам,  
Бір ұрпағы мен болам!  
Бүгінде халқы бақытты,  
Байлықты өлке жайнаған,  
Есідің бойын жайлаған.  
Думанға толы айналам,  
Тоқшылық тойын тойлаған.



Жаныңа жара салмаған,  
Салған ән еркін самғаған,  
Болды ма сондай бір заман,  
Мақтаныш етер, паң далам?  
Еркіндік алған бүгінде ел,  
Қырандай қанат қомдаған,  
Қырағы көзбен шолғанын  
Ғасырға жаңа жолдаған.  
Тар заман емес – бар заман,  
Куәсің соған, паң далам!  
Жырлауға осы заманды  
Аманат еткен әз бабам.  
Төсіңнен кім бар озбаған,  
Тек сенсің асыл тозбаған.  
Көсіліп жатқан көне көз,  
Табынып келем, паң далам,  
Қолдаушым өзің бол маған!

## ҚАР ЖАУҒАН КЕШ

Кітапхана. Сергіткелі сананы,  
Көп отырып, шаршап шықтым шамалы.  
...Міне ғажап! Ырғағымен вальстің  
Көшедегі өмір шалқып барады.  
Ақ перденің ар жағынан жанады,  
Қала оттары – қалыңдықтың жанары.  
Қалықтап кеп иығыма қонғанша  
Ақ қаршалар билеп-билеп алады.  
Кешкі қала,  
Жапалақ қар,  
Тазалық –  
Сезім қалды тазарып.  
Аппақ әлем көңіл қылын шерткендей,  
Аспанда аққу ақ мамығын төккендей.  
Қалам менің, көшем менің қымбатты  
Кеңістікпен бір тұтасып кеткендей.  
Қимай қарап дүниеге билеген,  
Өзім де бір шалқып-тасқан күйге енем.  
Сұлулықтан арашалап тастайтын,  
Көп жүремін кіргім келмей үйге мен.  
Кешкі қала,  
Жапалақ қар,  
Жылулық –  
Сезім қалды жылынып.

## САРЫАРҚА КӨРЕМ МЕН СЕНІ...

Уақыт арқылы тұлғалар бағаланады,  
Уақыт арқылы ақиқат дараланады.  
«Саясат» деген уақытқа тәуелді «шама»,  
Өйткені тарих уақытпен ғана сараланады.

Төнбесін, халқым, басыңа замана-залым,  
Ынталы ұрпақ түсінер ағалар жанын.  
Ақтарып бүгін тарихтың құпияларын,  
Жазып жатырмыз санталай жүрек,  
жан жараларын.

«Пенденің басы – саясат добы» замандар,  
Зобалаң күндер тумасын елге, әманда.  
...Желтоқсан куәгерлері – сіздер мен біздер,  
Қайратты неге қорғап қалмадың,  
болса шамаңда?!

Саясат тағы дұрыс па ... күмәнді еді,  
Тың игеру науқанына шығарған елді?  
Бөтендер келіп төсіңді тілгілегенде...  
Көсіліп жатқан кең далам, сенің кінәң бе еді?!

Табиғат-ана сыйлаған көрікті сөзін,  
Налымасын деп тағдырға беріпті төзім.  
Ауырлық артып жасынан екі иығына,  
Сол ауыр жүкті көтеру үшін сомдаған өзін.

Осынау жасқа жеткізген ар тазалығы,  
Тағдырың тағы сыйлаған жар саралығын.  
Алатау өзі аялы аясына алса,  
Демеген туған Сарыарқа мында  
дара бір ұлын.

Халқына деген көңілі, еңбегі сәнді,  
Табиғи дарын шыңдалған, қазақи жанды.  
Сарыарқа көрем мен сені, Сәбит Мұқанов,  
Қазақпен бірге жасай беретін  
даламдай мәңгі!

2000 ж.



## МАҒЖАННЫҢ МОНОЛОГЫ

Ауыздықпен алысып, еркін өскен ұл едім,  
Кең даламда қазаққа өзім патша, Күн едім.  
Тұлғам қандай айбарлы –

нәзік сондай жүрегім,  
Қаруланып біліммен, жаулап алғам жыр елін.

Ес білгеннен «Қазақ!» деп,  
мақтанышпен айтқанмын,  
Сезімімді сапырып жырларымда шайқадым.  
Халқым үшін құрсаулы қалып барын байқадым,  
Мүмкін емес еді ғой күресуден қайтпағым.

Күрестегі қаруым – мұқалмаған қаламым,  
Тура қарар тайсалмай оттай ыстық жанарым.  
Өзгерісті даламда қалт жібермей бағады,  
Ақыл-есім қалғымай, ой қорытқан саналы.

Қыраны едім даламның қырандыққа баулитын,  
Тура келдім заманға алыптарды «жау» дейтін.  
Алаш азаматтары бас көтеріп, «Әу!» дейтін.  
Елестеттік жеңдетке асқақ тұлға-тау кейпін.

Өкінбедім мен әсте, жолым ауыр болды деп,  
Таусыларда тозақта соңғы демім, соңғы леп:  
Түсіндім де зорлықты, бар сұмдығын уақыттың,  
Өкіндім мен кеудемде сенім гүлі солды деп...

Қаншама жыл...

Даламда азат таңы атыпты,  
Өшкерелеп, айыптап сол бір ауыр уақытты.  
Босатыпты бұғаудан шынжырланған шындықты,  
Соны көрген бүгінгі жас ұрпағым бақытты.

Бақыттымын мен-дағы, көрмесем де, білемін,  
Бүгінгі ұрпақ, өзіңмен соғар бірге жүрегім.  
Ұзақ жылдар даламның түрілмеген түнегін,  
Серпілтші деп сен үшін, қалың елім, тіледім.

Ерікті елдің көгінде өлең, жырым самғапты,  
Еңбектерім жазылған бірі де ұмыт қалмапты.  
Шынжырлары бұғаудың болса-дағы салмақты,  
Үзіліпті, үнімді мәңгілікке жалғапты.

Қырсықтары даламның,  
өткен күнмен батып кет,  
Қондым бүгін жауқазын жүректерге жақын кеп.  
Арманым жоқ, мақтанды қалың елім – қазағым:  
Сұлу жүзді жас жігіт –  
«Азамат!» деп, «Ақын!» деп.

*мамыр, 2003 ж.*

## ӘКЕМЕ КӨҢІЛ АЙТУ

Жаныңнан ұзақ жібермеуші едің сапарға,  
Жібектей жаздың сарғайтпай таңы атар ма?  
Егіле бермей, бекітші, әке, көңіліңді,  
«Түсіме кір» деп, жалбарына көргін жатарда.

Баланың орны, бөлек қой орны жарыңның,  
Қалмады сәні жайқалып тұрған бағыңның.  
Не көмек берем, пенденің бірі болғасын –  
Анамды мен де сағындым.

Дүние – жарық, алдымыз – бұлдыр, тұман-ды,  
Екінші өмір жоқ деудің өзі күмәнді.  
Басына барып, мауқыңды басып, бағыштап,  
Оқи бер, әке, құранды.

Көзіне қарап, немереңді иіскеп алданшы,  
Алдану керек, өйткені жалған – алдамшы.  
Әжесіз қалып, қызықтарынан қағылды,  
Сусындататын өзіңсің енді бар тамшы.

Басқадай амал, емі жоқ жүрек дертіңнің,  
Жасыңды көріп, шарасыз күйде мен тұрмын.  
Құлатпай мені, жылатпай мені тағы да,  
Серпілші деймін, әкетай, енді серпілгін!?

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ РУХЫНА

Сендірген ертеңіне «ұлы көштің»,  
Ант жаттап, ұрандатып, желдей естім.  
Кінәлі ұрпағыңмын... білімді, есті...  
Кеш естіп есіміңді, кеш таныстым –  
Басқашалау тарихты оқып өстім.

Иесі боп еркін ой, парасаттың,  
Ғылым, білім елінде дара шаптың,  
Халқың үшін талай жас сана жақтың!  
Биік ең бәзбіреуден, кінәң – осы,  
Құрбаны арам, саяз саясаттың.

Жау көрініп көзіне тау, тасы да,  
Сеніп келген бұрғысы, балғасына,  
Білімі жетер-жетпес бір басына.  
Білері: жұлса мықты сау тістерін,  
Әлсірейді адамның ағзасы да.

Саясат бізді солай әлсіретті,  
Бұрмалаумен тарихты ойыншық етті...  
Шындықтың жарық көрер күні жетті.  
«Ұлтшылсың!» деген айып ұрпағыңды,  
Соңғы рет желтоқсанда шарпып өтті.

Халқыңның құшағына ене бердің,  
Шындық бұл! Аха, қандай көрегендік –  
Ел болды Алаш алып егемендік!



Мен болсам...

Өтірікпен уланған ой-санамды

Әзер-әзер тірілтіп келем енді...

P.S. Саясат бар, саясат бар... елімде,

Тапжылмайтын Темірқазық көгімде:

Қанша бояп, түрлендірсін, тегінде,

Ақ сәулелі, ақ қанатты ақиқат

Жеңеді ғой, жеңеді бұл өмірде!

1998 ж.



## «ҚАРА БАУЫР ҚАСҚАЛДАҚ» ЖАЗЫЛҒАН ЖЫЛ

Шындықты айтып ән-ұран қалықтаған,  
Көк байрағы – кеңдігі – жазық далам!  
...Бауырына сан ұлтты паналатып,  
Шығарудан төріне жалықпаған.

Өз жерінде тұрып-ақ айыпты боп,  
Ақы төлеп, басқаны байытты көп.  
Жомарттығын, кім айтты, қазағымның,  
Ұлттық намыс, дінінен айықты деп?!

Заманның ағынымен уақыт құрсау,  
Айдады бір бағытта бермей мұрша.  
Ар-намысым, ерлігім мызғымайды,  
Табаным туған жерді басып тұрса!

Самғаған көз жіберіп ертеңіме,  
Қырандар саңқылдайды ел көгінде!  
Жалғандықтан ой-санам жаңарады,  
Кең даламның самалы желпігенде!

...Білместік пен жойқындық күшінде еді,  
Санасқысы келмеді, түсінбеді.  
Тағдырын жалпақ елдің шеше салды –  
Тағы бір төмендете түсіргелі.  
Шыдамның да шегі бар, шыдап бағып,  
Басындырмас ешкімді бірақ тағы.

Ақиқатты қорғауға жас құрақтар,  
Желтоқсанда жарқ етті, шырақ жағып.

Ақ бас тауым қайғыдан шөгіп еді,  
Бауырына алып денесін өрімдердің.  
Бүгін өр боп, асқақтап көрінеді –  
Өмір берді биіктен өлімдерің!

Уақытша пәс те болды еңсем менің,  
Әйтсе де, сенім оты теңселмеді:  
Еркіндік пен ерліктің аспанында  
Қазақстан құлашын кең сермеді!

Шындықты айтып ән-ұран қалықтады,  
Көк байрағы – кеңдігі, жазық жаны.  
Бауырында – достары, баяғыдай,  
Шығарудан төріне жалықпады...

Сырғып өткен ғасырдың қанатынан,  
Жас қанындай қазақтың жалындап тұр,  
«Елім-айдай» тарихта ән қалдырған,  
«Қара бауыр қасқалдақ» жазылған жыл!

## СОЦИАЛ

Өмірде сенсің – жұмағы жердің,  
Бойыма сезім бұлағын бердің.  
Жібектей жұмсақ төсеніш жапқан,  
Балауса майса құрағың керім!

Мендегі мінез қайнары – өзің,  
Сенде өткен күндер – жайдары кезім.  
Жұтамын қанбай түтін-иісіңді,  
Демімдей ыстық шырағың сенің.

Өзіңде аппақ қою түн қалың,  
Жұлдызды аспан, сұлу таң – жаным.  
Аңқыған жұпар – жусанның иісі  
Қаныма құйған құштарлық нәрің!

Тағдыр-тұлпарым байланған қазық,  
Келбетің-сағым – өмірлік азық.  
Көгіңде жүрер көңіл-кептерім,  
Сағыныш сазын әуеге жазып.

Сөз-сері сүйеп, тербетсін дедім,  
Келешек-төрге өрлетсін сенім!  
«Мен» әлемімнің Темірқазығы –  
Ауылым бүгін – мұңды әнім менің...

2018 ж.

## ЕРТЕГІ

*Бақытқа*

Ақ пен қара өмірдің тақтасында  
Толастамас итжығыс күні-түні.  
Сатқындық мекендемес бақтасың ба,  
Ерке қыз оқып өткен ертегіні!?

Жан бар ма екен өмірдің сырын ұққан,  
Тез неге қараяды келте күні?  
Ұмтылдың сұлулыққа сұлулықтан,  
Ерке қыз оқып өткен ертегіні.

«Сезімдер суынбайды, сенем» деген,  
Жанымнан естіледі ерке бір үн.  
«Бақыт» деп, «Бақытым» деп елеңдеп ем...  
Еліне еніп кеттің ертегінің!

1994 ж.



## ЕСІҢДЕ ҚАЛҒАМ...

Барқыт түн жайнатып  
                    шамдарын жаққандай,  
Бір шырақ сорғалап  
                    қараға батқандай,  
Ерке-назыммен жарқ ете қалған –  
Есіңде қалғам.  
                    Сыбырлап сырласар  
                    бал-шырын шақтардай,  
Хош иіс аңқыған  
                    күзгі алма бақтардай,  
Тәтті қылығыммен еркінді алған –  
Есіңде қалғам.  
Жібектей үлбіреп  
                    ататын ақ таңдай,  
Жан ізі түспеген  
                    алғашқы ақ қардай,  
Пәк көңіліммен балалық арман –  
Есіңде қалғам.  
                    Алдында арғымақ  
                    асау да тоқтардай,  
Бір қамал алынбас  
                    құрыштан соққандай,  
Қаттылығыммен төзімің талған –  
Есіңде қалғам.

**ШЫРМАТЫЛҒАН  
ТАҒДЫРЛАРДЫҢ ШЫНДЫҒЫ  
немесе  
АҚЫНДЫҚТЫ ҚОРҒАУ**

Заман жатты мықтыларды сындырып,  
Сыбырлатып, айдап салып, жыңды қып...  
Архив емес, ақындықтан ізде сен  
Шырматылған тағдырлардың шындығын.

Айыптамай, бір-бірінен кем көріп,  
Бар күдіктен алу керек емделіп.  
...Зұлмат келсе, қанатымен уақыттың,  
Періште де көрсетеді пенделік.

Үш алыптың арасынан сыз көріп,  
Сары қағаздан «депті»-лерді тізбелік.  
Том-том болған құжаттарды қопарсақ,  
Жарасымды сыйластықты ізделік.

Үшеуі де Сарыарқаның жерінен,  
Шабыт алған ескен самал желінен.  
Сәкен, Мағжан, Сәбит сынды алыптар,  
Үшеуі де ақындықтың елінен.

Ал ақындар бірін-бірі сатпайды,  
Бірін-бірі асылындай сақтайды.  
Арасында түсінбестік болуы –  
Қараламай, жараламай – ақтайды.

Қазақ деген айтысы бар сүйікті ел,  
Содан дағы келелі ойды түйіп көр:  
Аянбай-ақ сөзбен сойып ақындар  
Бірін-бірі көтереді биікке.

Жарымжансың, егер оны білмесең,  
Қоламтасын жалғандықтың үрлесең.  
Ақындықтың елін қорғай алмасам,  
«Шындық – сол!» деп сенбесем,  
Жер басып мен жүрмес ем!

2000 ж.



«ТОЙЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН,  
АЛТАЙ АҒА!»

Оймен шолып, кейінге көз жіберсем,  
Сағым жылдар елесі қайта оралар.  
Туыс боп сен келгенде, сәби кезім...  
Қайсы бірін айтайын, Алтай аға!?

Тәтем ғой жолықтырған тоғысында,  
Тағдыр деп аталатын тылсым жолдың.  
Содан бері... сен маған қамқор аға,  
Мен де бір қызың болдым.

Тым ерте ата-анаңды жоғалтқаның,  
Жан-жарасы... жаныңның азаптары...  
«Алтай аға» деп кетті туысындай,  
Бүгінде Қызылжардың қазақтары.

Ортасында қайнаған от-өмірдің,  
Алпыстың асуына көтерілдің.  
Кемесі жанұяңның, Алтай аға,  
Толқындардан аман-сау өте берсін!

Ғұмырын ақ таңдармен сәулетті күн  
Жалғасын Қожахмет әулетінің!  
Ақ сақалды, ақ шашты атасы боп,  
Үйлену тойында отыр Дәулетіңнің!  
...Сосынғысын тағы да айтам, аға,  
Тойыңыз құтты болсын, Алтай аға!

*маусым, 1998 ж.*

## ЭЛЕГИЯ

Масайратқан жаздай бала-шағаны,  
Мүлгиді бақ – шаршаған-ау шамалы.  
...Қызық осы адамдары қаланың,  
Жинайды да, жапырақты жағады.

Ауық-ауық дымқылданып жанары,  
Кәрі аспанның ашылады қабағы.  
...«Саз өнері аққуынан айрылды», –  
Деп естіртті теледидар хабары.

Жаны жүдеп, таусылғандай амалы,  
Ақы-пұлсыз жұмысына барады.  
...Шуағына шомылдырып тұр әлі,  
Күннің көзі күзгі қоңыр қаланы.

Уақыт көшін саралайтын саналы,  
Ойларынан бір алданыш табады.  
Өтпелі кез, енді азырақ шыдаса,  
Жауады ақ қар, ол да болса – жаңалық.

*қазан, 1998 ж.*

## АСТАНА

Құлақ түріп, қадалғанда көз біткен,  
Бір бүйірден гу-гуледі сөз тіптен.  
«Ақ мола» деп қала атына жармасты  
Үйренгендер қазақ тілін сөздіктен.

Біржолата қою үшін тосқауыл,  
Жаңаша атау керек болды басқа бір.  
Енді ол ат түсе алмайтын талқыға  
Қарапайым қазақ сөзі һас лағыл.

Ала алмайды тамырын да қазбалай,  
Жорамалдар туғызбайды дау-дамай.  
Баршаға ортақ әдемі сөз «Астана»,  
Сөздіктегі мағынасы – бас қала.

Сарыарқаның даласындай ашық сөз,  
Мына нұрлы дүниеге ғашық сөз.  
Саңқылындай естіледі қыранның,  
Бірде назды, ерке сазды, шырайлы үн.

...Сәті келген бой көтердің шақта бір,  
Ұлы еліңді ұлы істерге баста кіл!  
Сұлулығы, қайсарлығы қазақтың –  
Асқақтай бер, даламдағы тас та гүл!

## САМҒАЙ БЕР, ҚОСТАНАЙДЫҢ ҚАРЛЫҒАШЫ

*«Қостанай таңы» газетіне*

Ерен еңбек ер ісін сүйікті етер,  
Терлемеген аталар күйіп бекер.  
Қайткенде көтерем деп газетімнің,  
Шаңырағын, қазақты биіктетер.

75 жыл жасадың, аз ғұмыр ма?  
Өзгеріп атың талай, мазмұның да.  
Сарғайған беттеріңді парақтасам,  
Көремін ел тағдырын – тағдырыңда.

Талай ақын қаламын малып мұңға,  
(Қанаттанар қайдағы шабыт мұнда?)  
Тың мен тілдің тағдыры тырналаған  
Жүрек шерін жырменен ағытты да...

Төтеп беріп, болса да ағын қатты,  
Үн қосып игі істерге, жалындапты.  
Сыбырлап сөйлесетін жылдары да,  
Жазып жатты қазағым, жазып жатты...

...Кеттің жазып, шаттанып ерікті елді,  
Көріктендің... еркіндік... нарық келді...  
Ауылдағы ақсақал жазылуға  
Газетіне ақырғы малын берді.

Арқаладың заманның нардай жүгін,  
Табыстырдың еліне дәстүр, дінін.  
Жаңғырған тарихы бар кең өлкенің,  
Жалғызы едің, әлі де жалғыз үнің.

Тоқырап ең, бағың да жанар енді,  
Беттеріңе сергектік самалы ерді.  
Шырылдаған жаныңа жанашыр боп,  
Уақыт-ғұмыр жаңалық ала келді.

Бәрі алғашқы қадамнан басталады,  
Қамқорлық тәрбиенді жастар алды.  
Сенемін, шалқиды әлі шаңырағың,  
Отау ғып шығарар деп «Жас қаламды».

Жаршысы жаңалықтың қалғымасын,  
Енді сенің тағдырың – халқыңа сын.  
Ұлдарың бар билікте тілін сүйген,  
Қастерлер қазағымның мол мұрасын.

Самғай түс, таңнан таңға жарқын үнмен,  
Қостанай өңірінің қарлығашы!

*тамыз, 1998 ж.*

## ЕГЕМЕНДІ ЕЛМІЗ...

Егеменді елміз –  
ақындарында шабыт жоқ,  
Егеменді елміз –  
құпия көмген табыт көп.  
Егеменді елміз –  
демократия бар даурыққан,  
«Ауылдың мынау – ертеңі» дейтін  
бағыт жоқ!  
Егеменді елміз –  
мені қорғайтын заңым жоқ,  
Егеменді елміз –  
қауіп-қатерсіз таңым жоқ.  
Егеменді елміз –  
реформалар жыл сайын,  
Өзгертіп түрін қағаз жазудан  
дамыл жоқ!

1995 ж.

## СҰЛУЛЫҚ ДЕГЕН...

*Қасым мен Көгершінге*

Қуанам мен туған ауылда:  
Адамдар тек күліп жүрсе,  
Көлеңке түсірмей жанарға,  
Армандар жеткізіп жүрсе.  
Жүректі орайтын жалынға,  
Сезімдер кіршіксіз болса,  
Ағайын, құрдастар жанымда,  
Көңілдер кір, мұңсыз болса.  
Шағала үй жарығы, түтіні –  
Сәндігі үйлесіп тұрса.  
Құрметпен жастардың төрінде  
Қарттардың бейнесі тұрса.  
Жайқалса жас құрақтарым –  
Ертеңгі өмірімнің сәні.  
Жауабы көп сұрақтардың –  
Біздерде бәрі.  
Қуанам, салтанат құрса,  
Шынайы сыйластық деген.  
Аманке үйленсе қазір,  
Ақырғы малымды берем.  
Ауылдас жыласа – жылап,  
Күлсе дос – қосыла күлем.  
Өйткені, сұлулық деген –  
Осылар!  
Білем.

*қаңтар, 1998 ж.*

«ЖЕТТІ, АҒА, ЖҮРЕКТЕРГЕ  
САЛҒАН ӘНІҢ...»

*Нызмет Әбеновке*

Шыңына «өнер» атты сұлулықтың,  
Біреу ерте, біреу кеш туын тікті.  
...Көгінде күлімдейді Қызылжардың,  
Ерекше жұлдыздары бүгін тіпті.

Ақ сәуірде самғатып ән самалын,  
Қауштырдың құшағын барша жанның.  
Сыздатты жүректерді бір сағыныш,  
Тербелдік бесігінде ақ арманның.

Үлбіреп орамалы бір үміттің,  
Құттықтап, нұрын сеуіп тұр күліп Күн.  
45-те қыр көрсетіп, жарқ еттіңіз,  
Дейді ғой кемел шағы бұл жігіттің!

Барқыт үнмен тербетіп қала жанын,  
Жетті, аға, жүректерге салған әнің!  
...Көктемнің ұшып келген құстарындай,  
Тілеймін қанатыңыз талмағанын!

*сәуір, 2000 ж.*



## АЗА ТҮТУ

*Папа*

Тарихқа еніп барасың, қаңтар айы,  
Қаңыратып мендегі жан сарайын.  
Асқар тауым, асылым, алтыным-ай!  
Көз алдымда сенімен болды ғайып...

«Ертегілер еліне бет алды ма?» –  
Борандатып жанымды алып кеттің.  
«Ақ қаршалар еліне жете алды ма?» –  
Жаңа жыл боп төріме неге жеттің!!!

Қайтейін, мен пендемін – жоқ таласым:  
Емдеп жазғым келмейді жан жарасын!  
...Мен енді жақсы көрем ақпан айың,  
Қаңтар, сен қап-қарасың!!!

*13 қаңтар 2021 ж.*

## СОЦИАЛДЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ

*Бағрам Әубәкірұлына*

Жауынгер әкенің сен – жалғыз ұлы,  
Жас жесір ананың сен – ай мен күні,  
Немере мейіріміне шөлдеп кеткен,  
Жан-жарыңның сен едің дара пірі.  
Еңбегің адал термен елге сіңген,  
Бірақ сен бұл ауылға жәй бір «кірме» ең.  
Жұрты көшіп жатса да, алаңдамай,  
Махаббатың мәңгілік жанға білген.  
Қашанда бойыңдағы сабырлылық,  
Айтпадың ешкімге де «жанымды ұқ».  
Тағдырың – өзің жүрген сара жолмен,  
Қойғансың мені өзіңе табындырып.  
Жамылып сүйген жердің топырағын,  
Көшіп кеттің, деуші едің «отырамын».  
...Жазылар жырларымның жәудірлері,  
Сарғайған сағыныштан тоқылатын.  
Әрдайым биік қойдың Адам атын,  
Адал ұстап бабалар аманатын.  
Саған лайық атақты мен беремін:  
«Социалдың құрметті азаматын»!  
Сынақтардан өтті ауыл – бүлінбеді,  
«Елу жылда – ел жаңа» бүгіндері.  
Мәңгілік көкте – Күні, аспанда – Айы...  
Тек бір жұлдыз Сен болып күлімдеді.

## АРЫСТАНҒА

«Мұңсыз хан» аңызы

Сыздағаны басылғанмен бір демге,  
Жаралар бар жазылмайтын емдеуге.  
Бұл әңгіме таныс маған өйткені:  
Мұңсыз ханның мұнарасы – кеудемде!  
Басында өзі аласалау болатын,  
Жеңіл еді... ескерусіз қалатын.  
Бүгіндері биік әрі ауырлау,  
Көз жіберсем, қылша мойным талатын.  
...Мұңсыз ханның мұнарасы, құлама!  
Тепе-теңдік – маған ерген сыбаға.  
Соны бұзбай, ойнап-күліп келемін,  
Күшім бардай мұнараны жығар, ә??!  
...Мұнараның кіріп алып ішіне,  
Ой соғысын сабасына түсірем.  
Малындырам жауһары мен жақұтын,  
Мұңның өзін тәтті қылу – бақытым!!!

*тамыз, 2021 ж.*

## КӨРІНІС

Жұмыстан шықтым...  
Қыстың қысқа күні бір,  
іңір шақ-ты,  
Кешкі қала самсатып шырақ жақты.  
Сықырлайды аппақ қар, аяз қатты.  
Терезенің алдынан орын таптым.  
Жолда келемін...  
Автобустың әйнегін сезім қақты.  
Қалқыған барқыт көктің құшағында  
Жарқырап Ай-ару мен жігіт-Жұлдыз  
Маған ғана ілесіп келе жатты!

*2 желтоқсан 2016 ж.*

\* \* \*

Тышқан жылы – менің жылым,  
Жаман емес ол, әсте!  
Бұл жылы да тойлар болып, туып жатыр  
нәресте.

Талай адам тышқын жылы  
жетті армандарына.

Рахмет айт, аялдағын –  
Асып-тасу мақсат болған заманда!  
Есте қалса,  
ойландырған жыл боп есте қалады,  
Қамаса да,  
дұрыс, бәлкім, бізді үйге қамады?!  
Тәубеңе кел, деген шығар, азып кеткен адамзат!  
Жыл басы ғой,  
Бетбұрыстың басы болар тазаруға, одан да...  
Ойланайық!

2020 ж.

## МАЗМҰНЫ

Сыр-шумақтар .....	5
«Туған жерде тәй-тәй басқан кезімнен...» .....	5
«Асып-тасып кеткендер білмес тегін...» .....	6
«Гүл аша алмай көктем-жыр...» .....	6
«Қайда менің арай шашқан ақ таңым...» .....	7
«Сырымды айтсам, жан құрбым...» .....	7
«Жылтырақтар қызықтырып...» .....	8
««Жанымнан жырақ кетпе» дер едім...» .....	9
«Бір күн менің өміріме...» .....	10
«Ғажайып ғалам...» .....	11
«Жан-жағымда – ...» .....	12
«Кеудемде тұншығады...» .....	12
«Өртеңдім жалын деп...» .....	13
«Қуанып тұрып, шыланса жасқа жанарым...»....	13
«Сәнбесін деп жанарда – от, жүректе – арман...»	14
«Тербелгенде толқынында тәмам ой...» .....	14
«Жанар-көлдің тұнығында...» .....	14
««Төтеп бер» деп тағдырдың дауылында...» .....	15
«Түн көйлегін ағартып, таң атады...» .....	15
«Жылынамын жылт еткен отты көрсем...» .....	15
«Қопарып қалсам, кеудемде толған сағыныш...»	16
«Қауырсын қанат әлі де менің...» .....	16
«Ренжіткің келмейді ғой жан баласын...» .....	17
«Жолымды нұрландырып, шапақ атып...» .....	17
«Шыңғырып, жан жылаған тұсымдағы...» .....	18
«Болмашыны қанағат...» .....	20
«Сабырдың түбі – сары алтын...» .....	21
Мойындау .....	23
Жауап .....	24
Қараталым .....	25
Туған жерге .....	26

Даламмен сырласу.....	27
Есімде – ерке есіл.....	28
Қазақтың даласы .....	29
Қазақстан.....	30
Әке тойындағы толғау.....	31
«Атасының ыстық мейіріміне шөлдеген...» .....	31
«Жақсымен кешкен жылдарың – бейне, ғасырдай...» .....	32
«Өзіңсің ұлыма үлгі етерім де...» .....	32
Бәйтерегі ғасырдың.....	33
Сіңліме .....	34
«Арманың саған арайлы таңмен беттесін...» .....	34
Махаббат жырлары .....	35
«Қараңдаршы!...».....	36
«Хат арқылы сыр шертісіп...».....	37
«Быт-шыт қылып ар-ұяттың өткелін...».....	38
«Кездестік біз жылдар салып араға...» .....	39
Монолог.....	40
Алғашқы хат .....	41
Өкініш .....	43
Күз .....	44
Достық жырлары .....	45
«Дала бүгін ерекше бір...».....	45
«Достарым бар секілді бір гүлдесте...» .....	46
Шәкірбайға .....	47
«Пендеміз ғой жүрген уақыт дегеніне бағынып...» .....	48
Мүшел жас.....	49
Көңлім менің.....	50
«Тамшы тосқан тілім-тілім жердейгі...» .....	50
Бір сәттік сезім .....	51
Көктемгі ой.....	52
Шағын толғау «Әйгерім».....	53
Меңсұлуға .....	54

Пародия.....	55
Өзім жайлы .....	56
Көшпесе екен сұлулық жер бетінен.....	57
Бетховен: «айлы соната».....	58
Қ.....	59
Балалар үйінде.....	60
Той .....	61
Түс.....	62
Қызылжарда бір үйдің терезесі.....	63
Жігіттерге .....	64
Сырым боп қал .....	65
Көңіл айту .....	66
1996 Жылға тілек .....	67
Бір кездесу.....	68
Түлектер тілегі .....	69
Әкеме.....	70
Ақын дейсің.....	71
Ұстаздарыма ескерткіш .....	72
Ерік асқаровқа.....	73
Әжелерді аңсау .....	74
Өмір деген.....	75
«Қазақтың қызы, анасы, жары ақыны...» .....	76
Рефлексия .....	77
Президент сайлауынан кейін .....	79
«Атамекен» .....	80
«Күй ойнайды, естіледі тұлпарлардың дүбірі...».....	80
Ару қайың тербеледі .....	81
«Өмір, менің уақытша тұрағымсың...» .....	82
Анама .....	83
Әсер .....	84
Даламмен сырласу.....	86
Қар жауған кеш .....	88
Сарыарқа көрем мен сені.....	89



Мағжанның монологы .....	91
Әкеме көңіл айту .....	93
Ахмет байтұрсыновтың рухына .....	94
«Қара бауыр қасқалдақ» жазылған жыл .....	96
Социал .....	98
Ертегі .....	99
Есінде қалғам.....	100
Шырматылған тағдырлардың шындығы немесе ақындықты қорғау .....	101
«Тойыңыз құтты болсын, Алтай аға!» .....	103
Элегия .....	104
Астана .....	105
Самғай бер, Қостанайдың қарлығашы .....	106
Егеменді елміз.....	108
Сұлулық деген.....	109
«Жетті, аға, жүректерге салған әнің...».....	110
Аза тұту .....	111
Социалдың құрметті азаматы .....	112
Арыстанға.....	113
Көрініс.....	114
«Тышқан жылы – менің жылым...».....	115

ГҮЛСІМ ӘУБӘКІР

# ІЗДЕРІМ

*Мұқабаны безендірген:*

***Е. Қабланбекұлы***

*Беттеген:*

***Ж. Бақытжанқызы***

Басуға 24.02.2022 ж. қол қойылды.  
Қалыбы 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі «Palatino Linotype».  
Көлемі 7,5 б. т.  
Таралымы: 300 дана.

«Асыл кітап» баспасының компьютер  
орталығында беттелді.

«Асыл кітап» баспасы,  
Абай даңғылы, 143-үй, 101 офис.  
e-mail: [asylkitap@mail.ru](mailto:asylkitap@mail.ru)  
тел. : +7 707 178 12 94

ISBN 978-601-7667-41-2



9 786017 667412

дар кезе



Гүлсім Бағрамқызы Әубәкір 1960 ж. Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданындағы Қаратал ауылында туған. Социал сегізжылдық мектебін бітіргеннен кейін 1975-1977 жж. Петропавл қаласындағы облыстық №2 - қазақ мектеп-интернатында білім алған. 1982 ж. қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Химия факультетін, 1991 ж. Қазақстан ҒА Ә.Б. Бектуров атындағы Химия ғылымдары институтының аспирантурасын тәмамдап, органикалық

химиядан кандидаттық диссертация қорғаған. Химия ғылымдарының кандидаты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің оқытушысы.

Өлең жазуды мектепте жүріп бастағанымен, жүйелі түрде айналысқан емес. Жырлары баспасөз беттерінде, «Жас қалам» Қостанай өңірі жас талап қаламгерлерінің тұңғыш туындылары жинағында (1998), «Сарыарқа» журналында, СҚО қаламгерлерінің шығармалары топтамаларында (2003, 2004) жарық көрді.

Ұлы Ерарай Мәлікұлы химиялық сараптама мамандығы бойынша жоғары білімді, криминалистика саласында қызмет істейді.